

# МОЛОДОЙ УЧЁНЫЙ

ISSN 2072-0297

МЕЖДУНАРОДНЫЙ НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

**СПЕЦВЫПУСК**



Алғашқы саяси ізденістер 12.04.2023

Первые политические поиски.  
Кызылординский университет  
имени Коркыт Ата

Является приложением к научному журналу  
«Молодой ученый» № 13 (460)

**13.1**  
2022

# Молодой ученый

## Международный научный журнал

### № 13.1 (460.1) / 2023

Издается с декабря 2008 г.

Выходит еженедельно

*Главный редактор:* Ахметов Ильдар Геннадьевич, кандидат технических наук

*Редакционная коллегия:*

Жураев Хусниддин Олтинбоевич, доктор педагогических наук (Узбекистан)  
Иванова Юлия Валентиновна, доктор философских наук  
Каленский Александр Васильевич, доктор физико-математических наук  
Кошербаева Айгерим Нуралиевна, доктор педагогических наук, профессор (Казахстан)  
Куташов Вячеслав Анатольевич, доктор медицинских наук  
Лактионов Константин Станиславович, доктор биологических наук  
Сараева Надежда Михайловна, доктор психологических наук  
Абдрасилов Турганбай Курманбаевич, доктор философии (PhD) по философским наукам (Казахстан)  
Авдеюк Оксана Алексеевна, кандидат технических наук  
Айдаров Оразхан Турсункожаевич, кандидат географических наук (Казахстан)  
Алиева Тарана Ибрагим кызы, кандидат химических наук (Азербайджан)  
Ахметова Валерия Валерьевна, кандидат медицинских наук  
Бердиев Эргаш Абдуллаевич, кандидат медицинских наук (Узбекистан)  
Брезгин Вячеслав Сергеевич, кандидат экономических наук  
Данилов Олег Евгеньевич, кандидат педагогических наук  
Дёмин Александр Викторович, кандидат биологических наук  
Дядюн Кристина Владимировна, кандидат юридических наук  
Желнова Кристина Владимировна, кандидат экономических наук  
Жуйкова Тамара Павловна, кандидат педагогических наук  
Игнатова Мария Александровна, кандидат искусствоведения  
Искаков Руслан Маратбекович, кандидат технических наук (Казахстан)  
Калдыбай Кайнар Калдыбайулы, доктор философии (PhD) по философским наукам (Казахстан)  
Кенесов Асхат Алмасович, кандидат политических наук  
Коварда Владимир Васильевич, кандидат физико-математических наук  
Комогорцев Максим Геннадьевич, кандидат технических наук  
Котляров Алексей Васильевич, кандидат геолого-минералогических наук  
Кузьмина Виолетта Михайловна, кандидат исторических наук, кандидат психологических наук  
Курпаяниди Константин Иванович, доктор философии (PhD) по экономическим наукам (Узбекистан)  
Кучерявенко Светлана Алексеевна, кандидат экономических наук  
Лескова Екатерина Викторовна, кандидат физико-математических наук  
Макеева Ирина Александровна, кандидат педагогических наук  
Матвиенко Евгений Владимирович, кандидат биологических наук  
Матроскина Татьяна Викторовна, кандидат экономических наук  
Матусевич Марина Степановна, кандидат педагогических наук  
Мусаева Ума Алиевна, кандидат технических наук  
Насимов Мурат Орленбаевич, кандидат политических наук (Казахстан)  
Паридинова Ботагоз Жаппаровна, магистр философии (Казахстан)  
Прончев Геннадий Борисович, кандидат физико-математических наук  
Рахмонов Азизхон Боситхонович, доктор педагогических наук (Узбекистан)  
Семахин Андрей Михайлович, кандидат технических наук  
Сенцов Аркадий Эдуардович, кандидат политических наук  
Сенюшкин Николай Сергеевич, кандидат технических наук  
Султанова Дилшода Намозовна, доктор архитектурных наук (Узбекистан)  
Титова Елена Ивановна, кандидат педагогических наук  
Ткаченко Ирина Георгиевна, кандидат филологических наук  
Федорова Мария Сергеевна, кандидат архитектуры  
Фозилов Садриддин Файзуллаевич, кандидат химических наук (Узбекистан)  
Яхина Асия Сергеевна, кандидат технических наук  
Ячинова Светлана Николаевна, кандидат педагогических наук

*Международный редакционный совет:*

Айрян Заруи Геворковна, кандидат филологических наук, доцент (Армения)  
Арошидзе Паата Леонидович, доктор экономических наук, ассоциированный профессор (Грузия)  
Атаев Загир Вагитович, кандидат географических наук, профессор (Россия)  
Ахмеденов Кажмурат Максutowич, кандидат географических наук, ассоциированный профессор (Казахстан)  
Бидова Бэла Бертовна, доктор юридических наук, доцент (Россия)  
Борисов Вячеслав Викторович, доктор педагогических наук, профессор (Украина)  
Буриев Хасан Чутбаевич, доктор биологических наук, профессор (Узбекистан)  
Велковска Гена Цветкова, доктор экономических наук, доцент (Болгария)  
Гайич Тамара, доктор экономических наук (Сербия)  
Данатаров Агахан, кандидат технических наук (Туркменистан)  
Данилов Александр Максимович, доктор технических наук, профессор (Россия)  
Демидов Алексей Александрович, доктор медицинских наук, профессор (Россия)  
Досманбетов Динар Бакбергенович, доктор философии (PhD), проректор по развитию и экономическим вопросам (Казахстан)  
Ешиев Абдыракман Молдоалиевич, доктор медицинских наук, доцент, зав. отделением (Кыргызстан)  
Жолдошев Сапарбай Тезекбаевич, доктор медицинских наук, профессор (Кыргызстан)  
Игисинов Нурбек Сагинбекович, доктор медицинских наук, профессор (Казахстан)  
Кадыров Кулуг-Бек Бекмуратович, доктор педагогических наук, и.о. профессора, декан (Узбекистан)  
Каленский Александр Васильевич, доктор физико-математических наук, профессор (Россия)  
Козырева Ольга Анатольевна, кандидат педагогических наук, доцент (Россия)  
Колпак Евгений Петрович, доктор физико-математических наук, профессор (Россия)  
Кошербаева Айгерим Нуралиевна, доктор педагогических наук, профессор (Казахстан)  
Курпаяниди Константин Иванович, доктор философии (PhD) по экономическим наукам (Узбекистан)  
Куташов Вячеслав Анатольевич, доктор медицинских наук, профессор (Россия)  
Кыят Эмине Лейла, доктор экономических наук (Турция)  
Лю Цзюань, доктор филологических наук, профессор (Китай)  
Малес Людмила Владимировна, доктор социологических наук, доцент (Украина)  
Нагервадзе Марина Алиевна, доктор биологических наук, профессор (Грузия)  
Нурмамедли Фазиль Алигусейн оглы, кандидат геолого-минералогических наук (Азербайджан)  
Прокопьев Николай Яковлевич, доктор медицинских наук, профессор (Россия)  
Прокофьева Марина Анатольевна, кандидат педагогических наук, доцент (Казахстан)  
Рахматуллин Рафаэль Юсупович, доктор философских наук, профессор (Россия)  
Ребезов Максим Борисович, доктор сельскохозяйственных наук, профессор (Россия)  
Сорока Юлия Георгиевна, доктор социологических наук, доцент (Украина)  
Султанова Дилшода Намозовна, доктор архитектурных наук (Узбекистан)  
Узаков Гулом Норбоевич, доктор технических наук, доцент (Узбекистан)  
Федорова Мария Сергеевна, кандидат архитектуры (Россия)  
Хоналиев Назарали Хоналиевич, доктор экономических наук, старший научный сотрудник (Таджикистан)  
Хоссейни Амир, доктор филологических наук (Иран)  
Шарипов Аскар Калиевич, доктор экономических наук, доцент (Казахстан)  
Шуклина Зинаида Николаевна, доктор экономических наук (Россия)



---

---

На обложке изображен *Сриниваса Рамануджан Айенгёр* (1887–1920), индийский математик, который, не имея специального математического образования, получил замечательные результаты в области теории чисел. Наиболее значительна его работа совместно с Годфри Харди по асимптотике числа разбиений  $p(n)$ .

Рамануджан появился на свет 22 декабря 1887 года в индийском городе Ироду. Отец будущего математика, Купшусвами Сриниваса Айенгар, трудился бухгалтером в скромной текстильной лавке. Мать, Комалатаммал, была домохозяйкой.

Рамануджан воспитывался в строгих традициях касты брахманов. Его мать была очень набожной женщиной. Она читала священные тексты и пела в местном храме. Когда мальчику едва исполнилось два года, он заболел оспой. Однако ему удалось оправиться от страшной болезни и выжить.

В школьные годы Рамануджан проявил выдающиеся математические способности. В знаниях он был на голову выше всех своих сверстников. В скором времени Сриниваса получил от знакомого студента несколько трудов по тригонометрии, которые очень его заинтересовали. В результате в 14-летнем возрасте Рамануджан открыл формулу Эйлера о синусе и косинусе, но узнав, что она уже была опубликована, сильно расстроился.

Спустя два года юноша занялся исследованием двухтомного «Сборника элементарных результатов чистой и прикладной математики» Джорджа Шубриджа Карра. В труде содержалось свыше 6000 теорем и формул, которые практически не имели доказательств и комментариев. Рамануджан без помощи педагогов и математиков самостоятельно начал изучать изложенные формулы. Благодаря этому у него выработался своеобразный метод мышления с оригинальным способом доказательств.

Когда в 1904 году Сриниваса окончил городскую высшую среднюю школу, он удостоился премии по математике от директора школы Кришнасвами Айера.

В тот период у Рамануджана появились покровители в лице его начальника сэра Фрэнсиса Спринга, коллеги С. Нараяна Ийер и будущего секретаря Индийского математического общества Р. Рамачандра Рао.

В 1913 году знаменитый профессор Кембриджского университета Годфри Харди получил письмо от Рамануджана, в котором тот сообщал, что не имеет никакого образования, кроме среднего. Парень писал, что занимается математикой самостоятельно. В письме содержался ряд формул, выведенных Рамануджаном. Он просил профессора опубликовать их, если они по-

кажутся ему интересными. Рамануджан уточнил, что сам он не в состоянии издать свои наработки по причине бедности.

В скором времени Харди понял, что держит в руках уникальный материал. В результате между профессором и индийским клерком завязалась активная переписка. Позже у Годфри Харди накопилось порядка 120 формул, неизвестных научному сообществу. Ученый пригласил 27-летнего Рамануджана в Кембридж для дальнейшего сотрудничества.

Приехав в Великобританию, молодой математик был избран в Английскую академию наук. После этого он стал профессором Кембриджского университета. Интересен факт, что Рамануджан стал первым индийцем, удостоенным таких почестей.

В то время Сриниваса одну за другой издавал новые работы, в которых содержались новые формулы и доказательства. Его коллеги были обескуражены работоспособностью и талантом молодого математика.

Современники гениального математика считали его экзотическим явлением, опоздавшим родиться на 100 лет. Однако незаурядные способности Рамануджана поражают и ученых нашего времени.

Область научных интересов Рамануджана была неизмеримо велика. Он увлекался бесконечными рядами, магическими квадратами, квадратурой круга, гладкими числами, определенными интегралами и многими другими вещами.

Сриниваса нашел несколько частных решений уравнения Эйлера и сформулировал около 120 теорем.

Сегодня Рамануджан считается крупнейшим знатоком цепных дробей в истории математики. О нем снято немало документальных и художественных фильмов.

Рамануджан Сриниваса умер в возрасте 32 лет. Биографы математика до сих пор не могут прийти к единому мнению относительно причины его смерти. Согласно одним источникам, Рамануджан мог скончаться от прогрессирующего туберкулеза. В 1994 году появилась версия, согласно которой у него мог быть амебиаз.

Чтобы сохранить наследие этого удивительного, ни на кого не похожего математика, в 1957 году Институт фундаментальных исследований Тата издал двухтомник с фотокопиями его черновиков.

*Информацию собрала ответственный редактор  
Екатерина Осянина*

---

---

## СОДЕРЖАНИЕ

Алғы сөз .....	1	<b>Ибрагим Ж. Д., Бөрібаева М. М.</b> Ахмет Байтұрсынұлының әлеуметтік-саяси қызметі.....	9
<b>Абдуллаева Ш. Е.</b> Мемлекет жойылады ма? Мемлекеттің жойылу себебі.....	2	<b>Мырзабек Ә. О., Өмірбек А. Д.</b> Жер мәселесінің Алаш Орда заманындағы ауқымдылығы мен қазіргі уақыттағы көрінісі ...	11
<b>Әніс Ш. Б.</b> Қазақстандағы тіл мәселесі .....	3	<b>Орынбасарова А. М.</b> XX және XXI ғасырлардағы саяси сауаттылық ...	12
<b>Аралбаева Б. А., Жамалова А. Б.</b> Қоғамдағы гендерлік теңдік мәселесі.....	4	<b>Пайзрахманова А. Ә., Ағыбай А. Б.</b> Саясат және медиа түсініктерінің өзара байланысы .....	13
<b>Базарбаева Ә. Е., Мұхамедиярова Д. Т.</b> Көпбалалы отбасылардың әлеуметтік жағдайы....	5	<b>Шөмекеева Г. Б., Көшенова Н. Н., Қайратқызы А., Нұрмұхамбет Қ. Н.</b> Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптастыру жолдары .....	15
<b>Байтлес А. А., Бисен А. Ж., Едігеева К. Б.</b> Өркендеген дәуірдің сусыз көрінісі .....	7		
<b>Жарас М. Қ., Жоламанқызы А., Менлібек Ә. К., Бауыржанұлы Е.</b> Қазақстандағы гендерлік теңсіздік .....	8		



## АЛҒЫ СӨЗ



KORKYT ATA  
UNIVERSITY

Қоғамдық қызметтің түрлі салаларын басқару, еліміздің саяси және әлеуметтік-мәдени процестерге қатысуын тану үшін әлеуметтік-саяси білімдер модуліндегі «Саясаттану» пәнінің мәні зор. Пәнаралық байланыс негізінде саясат пен саясаттанудың дамуындағы басты кезеңдерді; саясаттанудың түсініктік-категориялық аппаратын; түрлі салаларда саяси қимылдар жүргізудің тетіктерін; Қазақстан Республикасы саяси жүйесінің ерекшеліктерін тануға болады. Аталмыш пән арқылы саясаттың біртұтас қоғамдық құрылым ретіндегі мәні ашылады, саяси қатынастардағы ішкі және сыртқы байланыстар айқындалады, саяси дамудың негізгі заңдылықтары анықталады, еліміздің саяси дамуындағы негізгі бағыттар, тетіктер мен ба- сымдықтар айшықтала түседі.

«Саясаттану» пәніндегі білім алушының оқытушымен өзіндік жұмысы барысында студенттердің тезистер жазуды үйренуі маңызды деп ойлаймыз. Бұл қадам олардың академиялық жазба дағдыларын қалыптастырып қана қоймай, жауапкершілігін сезіндіреді. Соңғы жылдары осы пән арқылы студенттерге ғылыми тезистер жазуды үйретіп жүрмін. Әрине, ғылыми мақалалар жазуды үйретуге болады, дегенмен аяқталған жұмыстарды талдау барысында студент еңбегінің тезистерге айналғанын көреміз. Бірақ, бұл ғылыми мақалалар жазудағы алғашқы қадам екендігін түсінгеніміз дұрыс.

Жаңа басталған пәнде «тақырып таңда» деу қате қадам екендігі барлығымызға түсінікті. Студент ең алдымен біздің пәндегі саяси институттар туралы түсініктерді кішкене болса да қалыптастыруы қажет. Бұл үшін 5 апталық сабақ жеткілікті деп ойлаймыз. Біздің жағдайда тезистер 3 кезеңде жазылды:

1 кезең: 6 аптадағы БАОӨЖ сабағы кезінде студенттердің тезис тақырыптары мен жиналған материалдарға талдау жүргізілді. Студенттер оқытушыға мазалап жүрген тақырыптарын ұсынады, жинаған материалдарын көрсетеді. Бұл жерде ескеретін жәйт, студенттерге оқытушы тақырыпты бермеуі қажет. Оқытушы берген тақырып студентті мүлдем қызықтырмауы мүмкін. Сондықтан тақырыпты өз еркіне қалдырып,

шығармашылық ізденістеріне кедергі келтірмегенді дұрыс көреміз. Сонда ғана сапалы жұмыс шығуы ықтимал. Сонымен қатар, студенттер жастардың саясаттағы қандай тақырыптар қызықтыратынын анықтауымызға болады.

2 кезең: 6–7 апта аралығында студенттер тезистерін жаза бастады. 7 аптадағы БАОӨЖ сабағы барысында тезистер дайын болды. Алдын ала берілген тапсырмаға сәйкес студенттер ғылымдағы этикалық мәселелерді ескерулері қажет. Сілтемелерді дұрыс беріп қана қоймай, антиплагиат жүйелерінде өз жұмыстарын тексереді. Сабақ барысында тезистер талданып, студенттер арасында сын-пікірлер берушілер анықталды.

3 кезең: 7–8 апта аралығында студенттер сын-пікірлермен жұмыс жасады және тезистерді баспаға беру жағын қарастырды. 8 аптадағы БАОӨЖ сабағында тезистерді жариялау бойынша шешім қабылданды. Тезистердің электрондық нұсқасы ғылыми жетекшіге ұсынылып, жариялау бойынша шешім қабылданды.

Байқап отырсақ, бұл кезеңдерде студенттер көп дағдылар қалыптастырып үлгерді. Тезис жазумен қатар, этикалық мәселелер бойынша жауапкершілікті сезінді. Бір-бірілеріне сын-пікір беруді үйренді.

Осы арнайы нөмір 12 сәуір — Қазақстандағы ғылым қызметкерлерінің күні қарсаңында шығарылып отыр. Арнайы шығарылымда Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің гуманитарлық-педагогикалық институты, «Шетел тілдері және аударма» кафедрасының «6B01725-Шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын-қытай, ағылшын-корей, ағылшын-араб)» білім беру бағдарламасының «АЯ-22-1», «АЯ-22-3» және «АЯ-22-5» оқу топтары студенттерінің тезистері жарияланды. Студенттер атынан университет әкімшілігіне және қолдау көрсеткен студенттер ата-аналарына алғыс білдіргім келеді!!!

*Мұрат Өрленбайұлы Насимов,  
саяси ғылымдарының кандидаты,  
қауымдастырылған профессор*

## Мемлекет жойылады ма? Мемлекеттің жойылу себебі

Абдуллаева Шұғыла Ерланқызы, студент

Ғылыми жетекшісі: Насимов Мұрат Өрленбайұлы, саяси ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор  
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

*Мақалада мемлекеттердің жойылу себептері қарастырылады.*

*Кілтті сөздер: мемлекет, саясат, климат.*

## Государство исчезнет? Причины разрушения государства

Абдуллаева Шугыла Ерлановна, студент

Научный руководитель: Насимов Мурат Орленбаевич, кандидат политических наук, ассоциированный профессор  
Кызылординский университет имени Коркыт Ата (Казахстан)

*В статье рассматриваются причины исчезновения государств.*

*Ключевые слова: государство, политика, климат.*

«Мемлекет» термин ретінде Қайта өрлеу дәуірінде Италияда пайда болған. Бұл термин ең алғаш Испанияда орнығып, Франция, Германия секілді Еуропа елдеріне тарады. Мемлекеттің пайда болуы мемлекет терминінен кейін қызықты әрі нақты анықтама берілмеген негізгі мәселелердің бірі. Ал қазір таңда керісінше «жойылу алдында тұр», «күні бітті» деген мәселелер пікірталаста 1980 жылдың соңынан бастап талқыда [1]. Расымен де, әлем тарихына көз жүгіртер болсақ, тарих мемлекеттің жойылуын ашық көрсете де, дәлелдей де алады. Мысалы: Оңтүстік Вьетнам. Бұл екіге бөлінген мемлекет болған. Біріншісі — Оңтүстік Вьетнам (демократиялық), екіншісі — Солтүстік Вьетнам (коммунистік). Бірақ бұл мемлекет екінші бір мемлекеттің, Солтүстік Вьетнамның басып алу күші әсерінен жойылды. Бұл мемлекеттің халқы, діні, ұлты жойылмаса да, ең бастысы мемлекет жойылды. Демек бірінші кезекте мемлекет жойылады деген анықтаманы тарих арқылы біле аламыз.

Мемлекеттердің пайда болуы секілді олардың жойылу типтері де әр түрлі. Мысалы: жаулап алушылық, бірнеше мемлекетке бөлініп кету (ұлттық мәселеге, дінге, территорияға байланысты т.б.), екі бөлек бір ұлтты мемлекеттердің қайта бірігуі, сыртқы күштер әсерінен, ел ішіндегі қақтығыстар салдарынан т.б. Біз білетіндей көптеген мемлекеттер әлем тарихынан жаулап алушылық салдарынан бірігіп, болмаса бірнеше мемлекеттерге ыдырап кетті. Оларға мысал ретінде — КСРО-ны алып қарауға болады. КСРО 70 жылға жақын өмір сүріп, 1991 жылы 15 тәуелсіз мемлекеттерге бөлініп кетіп, өзі жойылды. Ал ұлттық мәселеге байланысты бөлініп кеткен: Чехословакия. 1992 жылы ел арасындағы мәдени айырмашылыққа байланысты чех және словак болып екі мемлекетке бөлініп, Чехословакия мемлекеті атауы да екіге бөлінді.

Екі бөлек, бірақ бір ұлтты мемлекеттердің бірігуіне Шығыс Германия мысал. Батыс Германия және Шығыс Германия деп аталатын бұл екі мемлекет 1990 жылы араны бөліп тұратын қабырғаны бұзуы арқылы бірігіп, екі мемлекет аты картадан өшіп, бір үлкен Германия мемлекетін құрды. 600 жылдан астам тарихы бар Осман империясы сыртқы және ішкі қақтығыстар

салдарынан әлсіреп 1922 жылы құлады. Тағы бір әлем тарихынан жоғалған мемлекеттердің бірі Тибет мемлекеті. 1951 жылы Қытайдың басып алушылық салдарынан жойылған мемлекет. Бұл мемлекеттің жойылуындағы өздерінің жіберген ең үлкен қателігі ол — ядролы қарудан бас тартып, бейбіт өмір кешеміз деген шешімі. Соның салдарынан олар өздері әрең алған тәуелсіздігінен әп-сәтте айрылды [2].

Мына мемлекеттерге қарасақ олардың жойылу салдары да әр қалай, бірақ ортақ қасиет дәрменсіздік. Олар өз дәрменсіздіктерінің әсерінен жойылды. Дәл осындай қиын жағдайда болып, өз мемлекеттігін сақтап қалған елдерде бар. Мысалы: Жапония. Ол екінші дүниежүзілік соғысынан кейін өте ауыр жағдайды бастан кешкен мемлекеттердің бірі. Сол соғыстан опық жеген жапондықтар сол сәттен бастап елдің барлық қаржысын білім мен ғылымға құйып, әскери жағына ешбір инвестиция құймады, соның арқасында әлемдегі технология бойынша алдыңғы қатардағы елге айналды. Келесі мемлекет — Германия. Бұл мемлекет Жапония секілді екінші дүниежүзілік соғыстан кейін күл-талқаны шыққан мемлекет болатын, қазір дамыған елдер қатарында 9-шы орында. Қазақстанды да жатқызуға болады. Себебі өзіміз білетіндей қазақтар аштық жылдарында 6 миллион адамның 2–2,3 миллионы аштықтан қайтыс болған. Сол кездері қазақ елі жойылу алдында тұрған болатын.

Бұл тақырыпты тарихтың өткен парағы ретінде қарастырмай, болашағы ретінде де қарастыратын болсақ, онда ол жайлы сөздер көңіл қоншығарлық еместігі айқын. Болашақта да жойылып кетуі қаупі бар мемлекеттер аз еместігін алға тартады және олардың негізгі себебі: климаттық, экономикалық жағдайлар және қақтығыстардан болуы мүмкін. Мысалы қазіргі таңдағы жағдайды қарастыратын болсақ, Тувалу мемлекеті климаттық жағдайға байланысты жойылудың шақ алдында тұрған мемлекет. Тувалу 2022 жылғы деректер бойынша өзінің қиын жағдайда тұрғанын БҰҰ-на және басқа да ұйымдарға хабарлай отырып, өзінің қазіргі таңда өзге мемлекеттерге қоныс аударуға дайындалып жатқандығын, 5 мыңнан астам халқы



Жаңа Зеландияға қоныс аударып үлгергендігін хабарлайды. Сонымен қатар, бұл ел өзінің осындай жағдайда болса да, мемлекет деп мойындауын доғармауын қалайтындығын жеткізеді [3]. Дәл осындай климаттық жағдай Мальдив аралдарында да бар. Бірақ бұл аралдардың жағдайы дәл Тувалу мемлекеті секілді қазіргі таңдағы өзекті еместігі анық. Бірақ аралдың күннен күнге теңіз астына батып бара жатқандығы, 2100 жылы бұл аралдар жер бетінен не бәрі 1,5 метр биіктікте болатындығын айтады [4].

Мүмкін мемлекет құрамындағы элементтер жойылмайтын шығар, бірақ мемлекет жойылады және оның қайтып әлем картасына оралуы екіталай, оралған күнде де бұрынғы құндылығын сақтап қалмасы сөзсіз. Өзіміз байқағандай, мемлекеттің өмір сүруі жайлы ешкім топшалап айта алмайды. Бір қызығы

кейбір мемлекеттер сыртқы күш арқылы жойылып жатса, кей мемлекеттерді сол мемлекет халықтары жояды. Негізгі мемлекеттің «мемлекет» деп атау үшін өзіне лайықты сипаттамаға сай болу үшін төмендегідей үш элементтері болуы керек: мемлекеттің жер аумағы; мемлекеттің халқы; мемлекеттік өкімет [1].

Мемлекеттің өсіп өркендеуі, кері қарай құлдырауына халқы мен өкіметі айрықша рөл атқарады. Өкімет билігі халықтың қажеттіліктерін ести отырып, соны уақытылы орындай алса, халық өкіметті негізгі шешім қабылдайтын және қабылдаған жағдайларда түсіне алса, сол кезде мемлекеттің ішкі функциясында еш қиындық тумады. Бірақ, мемлекет тек ішкі функцияға ғана мән бермей, тиісінше сыртқы функцияны да реттеп отыруы керек.

Әдебиет:

1. Қуандық Е. Саясаттану негіздері. — Алматы, 2013. — 78–80 бб.
2. Раушанұлы Т. XX ғасырда әлем картасынан жойылып кеткен 9 мемлекет // [Электрондық ресурс]. — Көру режимі: <https://massaget.kz/layfstayl/alemтану/63931/> (қаралған күні: 15.03.2023).
3. Климат дағдарысынан әлемде тұңғыш рет тұтас мемлекет жойылады. Территориясы су астында қалатын ел мемлекеттілігін сақтап қалу үшін цифрлы ұлт жобасын қолға алмақ // [Электрондық ресурс]. — Көру режимі: <https://islam.kz/kk/news/alem/klimat-dagdarysynan-alemde-tungysh-ret-tutasmemleket-joiylady-territoriyasu-astynda-qalatyn-el-memlekettiliginsaqtapqalu-u-16113/> (қаралған күні: 15.03.2023).
4. Барон Мюнхгаузен. Красная Армия: как и зачем возвращали погоны // [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://m.fishki.net/2477126-krasnaja-armija-kak-i-zachem-vozvrawalipogony.html> (дата обращения: 15.03.2023).

## Қазақстандағы тіл мәселесі

Әніс Шұғыла Бегзатқызы, студент

Ғылыми жетекшісі: Насимов Мұрат Өрленбайұлы, саяси ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор  
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

*Берілген мақалада Қазақстандағы тіл мәселесі қарастырылады.*

**Кілтті сөздер:** саясат, тіл мәселесі, қазақ тілі.

## Языковая проблема в Казахстане

Анис Шугула Бегзатовна, студент

Научный руководитель: Насимов Мурат Орленбаевич, кандидат политических наук, ассоциированный профессор  
Кызылординский университет имени Коркыт Ата (Казахстан)

*В данной статье рассматривается языковая проблема в Казахстане.*

**Ключевые слова:** политика, языковые проблемы, казахский язык.

Қазақстан зайырлы, тәуелсіз, көпұлтты, тату мемлекет. Қазақ халқы тәуелсіздікке оңай жеткен жоқ, қаншама қиындықтарды басынан өткеріп, елім, жерім деп жанын берген ата-бабаларымыздың арқасында осы күні еркін өмір сүріп жатырмыз. Тезистің мақсаты: қазіргі таңдағы өз ана тіліміздің күннен күнге қолданыстан азайып жатқандығын байқауымызға болады. Өз жерінде, өз елінде тұрса да ана тілінде сөйлеуге ұялатын жастарымыз қоғамда аз емес. Тезиске осы тақырыпты таңдай отыра,

өз ана тіліміздің маңыздылығын, «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» деген мақалдың қаншалықты дұрыс айтылғанын көрсеткім келеді. Тезистің міндеті: ана тілімізді қолданысын арттыру үшін түрлі жобаларды ұсыну, тіл жөніндегі заңдар бөлімін қайта ойластыру.

Әр ел өзінің сөйлеу тілімен, мәдениетімен, дәстүрлерімен және тарихымен бір-бірінен ерекшеленеді. Менің қозғайын деп отырған тақырыбым — тіл мәселесі. Тіл — ұлттың айнасы,

көрінісі. Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік тілі — қазақ тілі. Ал ұлттаралық қарым-қатынас құралы ретінде — орыс тілі қолданылады. Осы тұста қазақ тілі орыс тілінің артында көлеңкеленіп қалғандай көрінеді. Орыс тілінің маңызы туралы Абай атамның, Алаш қайраткерлерінің сөздерінен-ақ байқауға болады. Міржақып Дулатұлы «Малыңды, еліңді сақтап, ой-өрісіңді кеңейткің келсе орыс тілін біл» деп о баста айтып кеткен болатын [1]. Сол кезден қазақтарға орыс тілін білудің маңызы бар екенін көруге болады.

Өз елімізді құрметтейтін болсақ, әуелі қазақ тілін содан кейін барып орыс және ағылшын тілін меңгергеніміз абзал. Еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев еліміздің болашағы мен бәсекеге қабілеттілігі үшін «Үштұғырлы тіл» саясатын енгізді [2]. Бұл саясаттың негізгі ойы — өз тілімізді жетік біле тұра, өзге тілдерді қызмет үшін қолдану болатын.

Болашақ жастардың қолында деп айтамыз, ал қазіргі жастар орыс сыныбында оқуға үйір болуы немесе қарапайым мысал кішкентай баланың тілі Youtube-тан орыс, ағылшын тіліндегі видеоларды көру арқылы өз тілінде шықпауынан тіліміз қалай сақталады? «Ел боламын десең бесіңді түзе» демекші, тәрбие бастауы — ата-ана [3]. Еліміздің қамын ойламасақ, болашағымызға кім кепіл? Ұрпағымызға қай ұлттың тәрбиесін, тілін бойына дарытсақ, болашақта сол ұлтқа тартып тұратын болады. Осыны естен шығармайық.

Ал, енді тіліміздің тағдырын сақтап қалу үшін қандай шаралар қолдана алар едік? Менің ойымша қазақ тілін үйренуді

халықтан бұрын билік басындағы депутаттарға катаң міндеттелгені дұрысырақ деп ойлаймын. Сол кезде халық та түзелер еді. Жапонияны алатын болсақ 98% халық таза өз тілдерінде сөйлейді. Әрине, бұл көрсеткіш біздің еліміз үшін өте қатты таңғаларлықтай сан. Дәл ол дәрежеге жетпесек те, жарты пайыздан асырып сөйлеп бастағанымыз жөн болар. Бірнеше ұсыныстарыма тоқталғым келіп отыр:

1) Жұмысқа тұрарда, маман іздерде қазақ тілін жетік меңгеруін талап ету. Қазақ тілін мықты біліп, орыс, ағылшын тілдерін қосалқы тіл үшін қолдануды міндеттеу.

2) Балаларға арналған «Балапан» телеарнасы бар. Қазақша түрлі мультфильмдер көрсетіліп жатыр. Дәл сол сияқты көптеген балаларға арналған каналдарды көбейте беру қажет. Қазақ ер-тегілерін, эпостарын жаңа, заманауи тұрғыда анимациялап көрсету арқылы балалардың қызығушылығын арттырады.

3) Youtube каналдарында неге қазақша субтитрды қоспасақ? Көбісі ағылшын, орыс тілінде субтитр болғандықтан, қазақ тілі артта қалып жатыр.

4) Жастардың қазақ тілін дамыту туралы ұсынған идеяларын іріктеп, оларға қолдау көрсету арқылы жобаларының іске асуына көмектесу.

Қорытындылай келсек, бүгінгі таңдағы қазақ тілінің жағдайы өте қиын. Қазақ тілі — мемлекеттік тіл деген тек қағаз жүзінде болып қала ма деп қорқамын. Бәрі өз қолымызда. Еліміздің болашағына мән берсек, тіліміздің құзыреттілігін сақтап қалуға тырысайық. Өз тілімізді құрметтейік!!!

Әдебиет:

1. Бижан А. Қазіргі кездегі қазақ тілінің мәртебесі // [Электрондық ресурс].— Көру режимі: <https://adyrna.kz/post/35222> (қаралған күні: 15.03.2023).
2. Абибулла Н. Қазақ тілі қайтсек қажет тіл болады? Сараптама // [Электрондық ресурс].— Көру режимі: <https://informburo.kz/kaz/qazaq-tili-qaitsek-qazet-til-bolady-sarapta> (қаралған күні: 15.03.2023).
3. Қабидолда Ж. Тіл мәселесі — тұтас ұлттың басты проблемасы // [Электрондық ресурс].— Көру режимі: <https://massaget.kz/blogs/24770/> (қаралған күні: 15.03.2023).

## Қоғамдағы гендерлік теңдік мәселесі

Аралбаева Баян Аманбекқызы, студент;

Жамалова Айғаным Болатқызы, студент

Ғылыми жетекшісі: Насимов Мұрат Өрленбайұлы, саяси ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор  
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Мақалада қоғамдағы гендерлік теңдік мәселесі қарастырылады.

**Кілтті сөздер:** Қазақстан, қоғам, гендерлік теңдік.

## Проблема гендерного равенства в обществе

Аралбаева Баян Аманбековна, студент;

Жамалова Айғаным Болатовна, студент

Научный руководитель: Насимов Мурат Орленбаевич, кандидат политических наук, ассоциированный профессор  
Кызылординский университет имени Коркыт Ата (Казахстан)

В статье рассматривается проблема гендерного равенства в обществе.

*Ключевые слова:* Казахстан, общество, гендерное равенство.

Гендерлік теңдік — бұл барлық жыныстағы адамдардың тең құқықтары, міндеттері мен мүмкіндіктерінің болуы. Ал, гендерлік саясат бұл саясаттану мен гендерлік зерттеулердің саласы, оның мақсаты саясаттағы адамдар мен құбылыстардың жыныстары арасындағы қарым-қатынасты түсіну. Жаһандық деңгейде әйелдердің ерлерге қарағанда экономикаға араласу мүмкіндіктері, негізгі және жоғарғы білімге қол жетімділігі, денсаулық пен қауіпсіздік жоғары және саяси тұрғыда өкілділігі аз.

Әйелдердің құқықтарын қамтамасыз ету және олардың әлеуетін толық ашуға мүмкіндік беру гендерлік теңдікке қол жеткізу үшін ғана емес, халықаралық даму мақсаттарының кең ауқымын орындау үшін де маңызды. Әйелдер мен қыздар әлем халқының жартысын құрайды. Дегенмен, гендерлік теңсіздік бүгінде барлық жерде сақталып, әлеуметтік және экономикалық прогрестің тоқырауына алып келеді. Гендерлік теңсіздік тіпті экономикалық дамыған елдерге де таныс, бірақ бұл мәселе дамушы елдерде өте өткір. 2014 жылғы мәліметтерге сәйкес, 143 ел өз конституцияларында ерлер мен әйелдердің теңдігіне кепілдік берген, бірақ тағы 52 ел бұл қадамға әлі бармаған. Қазіргі тенденциялар сақталатын болса, гендерлік теңдікке жету үшін 170 жыл қажет [1].

Жалпы қазіргі таңда гендерлік саясат Қазақстанда ауқымды мәселелердің қатарына кіреді. Қоғамдағы ерлер мен әйелдер теңсіздігі елімізден көрініс тауып келе жатқанына ғасырлар өтсе де, ХХІ ғасырдан бастап бұл дүние қоғамдық мәселе ретінде қарастырылып отыр. Енді елімізде болып жатқан мәселелерге тоқталсақ. Біріншіден, әйелдер қауымы жақсы оқу орнын тәмамдап, іскер адам болса да біздің қалыптасқан менталитет бойынша не үйде отыру керек немесе ер адамнан аз ақша тауып, бір саты төменде тұру керек. Бұл қалыптасқан пікірді жою әзірге мүмкін емес. Екіншіден, көп ер адамдар әйелдерін қорқытып немесе қол жұмсауға дейін барады. Бұл арқылы әйелдер қауымы қоғамнан шеттетіліп, қоғам тынысынан алшақтауда. Көзге

көрінбейтін оқиғалар қоғам мәселелерін ушықтыруда. Тек қорғалды немесе шығарылды деген заң болмаса іс жүзінде әйелдер теңдігі үшін атсалысып жүрген жандар аз.

Көптеген әйелдер әлі күнге дейін өздерін қорғайтын жандардың немесе заң жүйесінің бар екеніне сенбейді. Тек үйінде балалары мен отбасының жағдайын жасаса, сол нәрсеге шүкіршілік етіп отырады. Бұл дүниені кейде өзіміз құрастырып аламыз. Бар дүниеге сенбеу, өзімізді төмен санау, қара жұмысқа жегу немесе тек үй тірлігімен айналысу. Бұл негізінде санада қалыптасқан қате ойлар. Зайырлы мемлекетте өмір сүріп жатқан әрбір әйел іскер адам немесе басшы болуға лайықты. Қазіргі таңда сол дүниелер айқын көрініс табуда және бұл жақсы жетістік. Түптеп келгенде, әрбір әйел адам өз отбасында қыз ретінде төрге шығарылған қонақ болған. Қазақ салт-дәстүрінде де қызды сыйлаған. Қазақ қыздары тіпті жауға шауып, батыр болған.

Әйел ер адаммен теңдес тіршілік иесі. Ер адам қандай мүмкіндікке ие болса, әйел заты да солай. Ер адамдарды күшке ие қылып жаратқаннан кейін оны пайдалы дүниеге жұмсау керек. Көбінесе ер азамат бар ашуын әйел затынан алады. Сондықтан зорлық-зомбылық өте көп.

Бұл мәселердің шешу жолдары: әйел адамдарға білім алуға, экономикалық табысқа жетуге, көшбасшылығын қолдауға және шағын шаруашылықтарын кеңейтуге мүмкіндік беру. Зорлық-зомбылық пен жыныстық зорлық-зомбылықты, ерте жаста күштеп тұрмысқа беруді тоқтату. Әйелдердің құқығын қорғау, заңды күшейту және ер адамдардың психикасымен жұмыс жасау. Гендерлік теңсіздікпен күресудің осы жолдары бүкіл әлемдегі әйелдер мен қыздарға өздерінің әлеуетін толық ашуға және гендерлік теңдікке қол жеткізуге көмектесу үшін өте маңызды. Қоғамда гендерлік теңдікті орнату әрбір азаматтың қолында. Ерлер мен әйелдер үздік болу үшін өздерін еркін сезінуі керек. Бізге адам жынысын екі қарама-қарсы идеалдар жиынтығы ретінде емес, кеңірек қабылдайтын кез келді [2].

Әдебиет:

1. Гендерное равенство [Электронный ресурс].— Режим доступа: <https://mipt.ru/about/UN-SD/tsur-5-gendernoe-ravenstvo.php> (дата обращения: 10.03.2023).
2. Emma Watson: Gender equality is your issue too [Electronic resource].— Access mode: <https://www.unwomen.org/en/news/stories/2014/9/emma-watson-gender-equality-is-your-issue-too> (date of the application: 10.03.2023).

## Көпбалалы отбасылардың әлеуметтік жағдайы

Базарбаева Әмина Ерiкқызы, студент;

Мұхамедиярова Дана Талғатқызы, студент

Ғылыми жетекшісі: Насимов Мұрат Өрленбайұлы, саяси ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Мақалада көпбалалы отбасылардың әлеуметтік жағдайы қарастырылады.

**Кілтті сөздер:** көпбалалы отбасылар, әлеумет, қоғам.

## Социальное положение многодетных семей

Базарбаева Амина Ериковна, студент;

Мухамедиярова Дана Талгатовна, студент

Научный руководитель: Насимов Мурат Орленбаевич, кандидат политических наук, ассоциированный профессор  
Кызылординский университет имени Коркыт Ата (Казахстан)

*В статье рассматривается социальное положение многодетных семей.*

**Ключевые слова:** многодетные семьи, социум, общество.

Казіргі таңда елімізде кәмелет жасына толмаған төрт және одан да көп баланы асырап отырған 440 мыңға жуық отбасы бар. Көпбалалы отбасылар кімдер? «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодекстің 1-бабы бойынша көпбалалы отбасылардың тізіміне кәмелетке толмаған төрт және одан көп баласы бар (оның ішінде кәмелеттік жасқа толғаннан кейін білім беру ұйымдарын бітіретін уақытқа дейін (бірақ 23 жасқа толғанға дейін) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын балалары бар) отбасылар кіреді [1].

Көпбалалы аналар наразылығы Астана қаласында 2019 жылы 4 ақпанға қараған түні әлеуметтік жағдайы төмен, ата-анасы түнгі ауысымда болған, 5 баланың өрттен ажал құшуынан басталған болатын. Әрине біз бала санының көп болуына ешқандай қарсылығымыз жоқ, бұл ислам дінінде де Пайғамбарымыз «Үйленіңдер, көбейіңдер, мен сендердің көптіктеріңмен қиямет күні басқа үмбеттерге мақтанамын» деп айтып кеткен және көк туымыз аспанда желбіреген, азат елімізде, кең жерімізде халқымыздың көптігі елімізге жақсы емес пе?! Бірақ көпбалалы аналардың мемлекеттен жәрдемақы мен үйді талап етуі дұрыс па? Осы мәселені екі жақты қарастырып көрсек.

Біріншіден, осы мәселеге қатысты Қазақстандағы тағы бір әлеуметтік мәселе — қымбатшылық. Бүгінгі күнде анасы жұмыс істемеген, жаңа туған сәбиге ай сайын 19 мың теңге жәрдемақы беріледі. Қазіргі күнде бір жөргек пұлдың бағасы 150 теңгеден басталса, бала күніне 4–5 жөргек пұл қолданады делік. Осыдан кейін баланың басқа да заттарын қанша теңге екенің айтпасақ та түсінікті деп ойлаймын. Бала өскен сайын, оның ана сүтінен бөлек, ішетін тағамдары (сүттер, ботқалар, печеньелер және тағы басқа тағамдары) 4000–5000 теңге тұрады және бұл 1 апта көлеміне де жетпейді. Ал, 5 балаға берілетін жәрдемақы 69 мың теңге көлемінде. Егер де ол мектеп қабырғасындағы оқушы болса, бұл 1 балаға да аз.

Әдебиет:

1. Көпбалалы отбасыларға қандай әлеуметтік қолдау көрсетіледі және шарттары қандай? // [Электрондық ресурс].— Көру режимі: <https://informburo.kz/kaz/elainasy/kopbalaly-otbasylarga-qandai-aleumettik-qoldau-korsetiledi-zane-sarttary-qandai> (қаралған күні: 09.03.2023).
2. Бес қыздың қазасына екі жыл. Елді мұңайтқан қайғылы оқиғаны еске алсақ // [Электрондық ресурс].— Көру режимі: <http://kerey.kz/?p=13274> (қаралған күні: 09.03.2023).

Екіншіден, көпбалалы аналардың жәрдемақыны көбейту мен үй беріндер деген мәселесі дұрыс емес деп қарастыруға болады. Неге дұрыс емес? Әрбір ерлі-зайыпты отбасындағы бала санын өзі шеше алады, яғни баланы өмірге әкелмес бұрын, әлеуметтік жағдайына сай немесе әлеуметтік жағдайын дұрыстай отырып, баланы дүниеге әкелуі қажет. Әрбір отбасында жеке меншік үй немесе асыраушының жұмысы тұрақты, айлығы отбасысын асырап, толық қамтамасыз ете алатын болса, онда ол жақсы көрсеткіш. Бірақ, ер адамның жұмысы тұрақсыз немесе жоқ болса, бір жалдамалы үйде ұзақ уақыт тұрақтамаса, онда мемлекетте көпбалалы аналардың көтерілуі сияқты мәселелер туындап, мемлекетте тыныштықтың болмауына алып келеді. Біздің айтқымыз келетіні, отбасыны мемлекет асыруға міндетті емес, ең бірінші кезекте асыраушы отбасысын асырай алуы қажет.

Астанада басталған көпбалалы аналардың көтерілуі кезінде, біз ешқандай әкені көрмедік. Бұл отбасындағы ер адам рөлінің жоқтығының кері әсерінен, ер адам отбасын асыра алмай отырғанының салдарынан, көпбалалы ана бала-шағасы үшін мемлекеттен барып, көп жәрдемақыны талап етеді немесе әкенің айлығы көпбаланы асырауға жетпегендіктен, мемлекеттен көмек сұрайды. Бұл жерде мемлекеттегі тағы бір мәселе жалақының аздығын және жұмыссыздықтың көрінісін байқауға болады. Бірақ, үйде жатып, жұмыс істемей, «Туған баламды, сен мемлекет асыра» деп айту, балықты сұрағанмен тең. Мемлекет халыққа балық емес, балықты аулайтын қармақты беруі қажет. Сонда ғана әділдік, мемлекет пен халықтың арасында түсіністік пен достық орнайды [2].

Қорытындылай келе, біздің айтқымыз келетіні әрбір балаға жарық дүниені сыйламас бұрын, ол істің үлкен жауапкершілік екенін түсініп, баланың тағдырына балта шаппай, бірінші кезекте баланың жағдайын ата-ана, содан кейін ғана мемлекет ойлауы қажеттігін айтқымыз келеді.

## Өркендеген дәуірдің сусыз көрінісі

Байтлес Ақтоты Абдихамитқызы, студент;

Бисен Аружан Жандосқызы, студент;

Едігеева Камила Бауыржанқызы, студент

Ғылыми жетекшісі: Насимов Мұрат Өрленбайұлы, саяси ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор  
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

*Берілген мақалада еліміздегі ауыз су тапшылығы мәселелері қарастырылады.*

**Кілтті сөздер:** дәуір, ауыз су, әлеумет.

## Безводный облик процветающей эпохи

Байтлес Ақтоты Абдихамитовна, студент;

Бисен Аружан Жандосовна, студент;

Едигеева Камила Бауыржановна, студент

Научный руководитель: Насимов Мурат Орленбаевич, кандидат политических наук, ассоциированный профессор  
Кызылординский университет имени Коркыт Ата (Казахстан)

*В данной статье рассматриваются вопросы дефицита питьевой воды в стране.*

**Ключевые слова:** эпоха, питьевая вода, социум.

Су тіршілік көзі, сусыз тіршілік жоқ. Жер шарының  $\frac{3}{4}$  бөлігін су алып жатса да оның адам тұтынатын бөлігі тым аз. Адамзат пайдасына жарайтын 30 миллион текше судың 25 миллион текше шақырымға жуығы Арктика мен Антарктиданың мәңгі мұздарында. Сол себепті көптеген елдер мен елді мекендер судан таршылық көріп отыр. Болашақта мұнай емес, газ емес, қарапайым су басты тауар боларына сөз жоқ. Мұны қазірде өңделген, таза судың сатылып жатқанынан байқауымызға болады. Тезистің мақсаты: Қазақстан өңірлеріндегі ауыз су тапшылығының себебі мен салдарын көрсетіп, маңыздылығын айқындау. Сонымен қатар, су тіршіліктің көзі екенін дәлелдеу және бұл мәселелерден шығу жолдарын ұсыну. Оқырманды тақырып жайлы мәліметтермен таныстырып, өз ойымызбен бөлісу.

Ғылыми зерттеулер жер шарының 74% су алып жатқаны жайлы нақты мәліметтер беруде. Бірақ, бүгінгі таңда су тапшылығы ең маңызды мәселе болып отыр. Соның ішінде ауыз су тапшылығының өзектілігі басым. БҰҰ мәліметтерінің айтуы бойынша дүние жүзінде миллиондаған адам таза ауыз суға зәру болып отыр. Дәл осы мәселе біздің елімізде де маңыздылыққа ие. Қазақстан халқының көпшілігі әлі де ауыз сумен қамтамасыз етілген жоқ. Қазіргі таңда еліміздегі жер асты су ресурстары тереңірек зерттеліп, гидрологиялық картасы дайындалған. Бұл жер асты су қорларының біз үшін маңыздылығы жоғары. Бұл қорлардың толықтыруына тікелей жауын-шашын, мұздықтар мен үлкен су қоры бар өзендер әсерін тигізеді. Елімізге құятын мұндай өзендерге Сырдария, Іле, Жайық, Талас, Ертісті жатқызамыз. Дегенмен, судың көп мөлшерде қолданылысы бұл су көздерін азайтуда [1].

Елімізде ауыз су жетіспеушілігінің бірнеше себептері бар. Су құбыр желілерінің ескіруі, су тазалау ғимараттарындағы жөндеу жұмыстарының жүргізілмеуі, судың ел аумағына су көздерінің жеткілікті түрде таралмауы және көпшілік өзендердің шекарада орналасуы себепші болып отыр. Қазақстанда

көптеген қалалар әлі де ауыз сумен толық қамтамасыз етілген жоқ. Әрине бұл мәселенің шешімін табу жолдары әлі күнге дейін қарастырылып жатыр. Соның ішінде мамандар жер асты су ресурстарын іздестіруді жалғастыруда. Тағы да көптеген су қоймаларының табылуы бұл мәселеге оң әсерін тигізеді. Еліміздің адам көп шоғырланған өңірлерінде мәселенің маңызы жоғары болып отыр. Осындай өңірлердің біріне Маңғыстау облысын жатқыза аламыз. Бұл аймақта су ресурстарының тапшы болуынан гидрологиялық қауіп төніп тұр.

Оның басты себебіне ауа-райының жағдайы, халық санының көбеюі және өндіріс орындарының суды көп мөлшерде қолданылуы болып отыр. Арал теңізінің жағдайынан-ақ судың егіншілікте орынсыз, есепсіз пайдаланып жатқанын аңғартады. Осының салдарынан теңізге келіп құятын су 75 пайызға қысқарып, теңіз түбіндегі тұздар экологиялық жағдай тудырып отыр. Судың тапшылығы елдің хал-жағдайына үлкен кері әсерін тигізеді анық. Қазақстанда шөлді, құрғақ аймақтардың бары тіптен алаңдатады. Мысалы алдыңғы жылдары болған жаңбырдың жаумауынан көптеген төрт түлік малдар қырылып қалды, өсіріліп жатқан өнімнің бірнеше бөлігі қурап, өнім бермеді. Шаруашылықпен айналысып отырған шаруаларға бұл үлкен мөлшердегі шығын алып келді, онан бөлек азық-түлік тапшылығы орын алды. Сол себептен қалай болса да бұл мәселенің шешімін тезірек табу өте маңызды [2].

Елімізде бюджеттен жыл сайын жеткілікті қаражат бөлінсе де, су құбырлары тазаланып жатқанымен суға мұқтаж ауылдардың да саны азаяр емес. Қазіргі таңның өзінде суға мұқтаж болып отырған 1,500 елді мекеннің тұрғындары ауыз сусыз отыр. Еліміздің солтүстігінде орналасқан Олыгинка ауылы 30 жылдан бері таза ауыз сусыз отыр. Сапалы ауыз судың жоқтығынан халық әлі күнге дейін жер асты суын ішуде. Тіпті тыйым салынған радиоактивті суды қолдануға мәжбүр. Себебі оларға таза ауыз суды ешкім жеткізіп бермейді. Осы ауылдың



тұрғындары өз реніштерін білдіруде. Олардың айтуы бойынша олардың ішіп отырғаны тіпті құдықтың суы емес. Қаншама халықтың осындай лас, шаң тозаң мен қоқыс жиналған суды тұтынуы өте өкінішті. Тіпті елордамыз Астананың өзінде 34 елді мекеннің 9-ы сумен қамтылмаған. Ал Қостанайда тіптен 526 елді мекеннің 212-сінде су мүлдем жоқтығынан оны құдықтан, жер астынан тасып ішуге мәжбүр [3].

Бұл мәселенің шешімі ретінде қар суынан қойма тұрғызу болған. Бұл идеяны жүзеге асыру үшін ең білікті мамандардың тартылғаны абзал. Айтылған сәтте салынып, ертесіне

қирап жатқан қойманың не керегі бар? Дегенмен, жақсы ой жан сергітер. Көктем басталса жерлерін су басатын халықтың, әкімнің көз қуанышы болар еді бұл жоба. Бір оқпен екі қоян ату деген осы емес пе?! Бір жағы халықты су басу қаупінен құтқарса, әсіресе, Ақмола, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан облыстарын, екінші жағынан ауыз су мәселесін де шешкен болар еді [4].

Су тіршілік көзі деп бекер айтпаған. Жаңа су қоймалары пайда болған жерде халық та егінімен алаңсыз айналысар еді. Балық шаруашылығы ұйымдастырылып жатса, маңайдағы халық үшін кәсіп болары сөзсіз.

Әдебиет:

1. Әуелхан Е. Ауыз су мәселесі әрқашан өзекті // [Электрондық ресурс].— Көру режимі: <https://satbayev.university/kk/news/auyz-su-maselesi-arkashan-ozekti> (қаралған күні: 12.03.2023).
2. Бактыбай Т. М. Маңғыстау облысындағы ауыз су мәселесінің қазіргі жағдайы // Молодой ученый.— 2020.— № 41 (331).— С. 276–279.
3. Жасұланұлы Р., Елубаев А. Еліміздің барлық ауыл-аймағы түгел таза сумен қамтамасыз етіледі дегенге сенесізбе? // [Электрондық ресурс].— Көру режимі: <https://youtu.be/aG7OoDMXhls> (қаралған күні: 12.03.2023).
4. Дауренов А. Су тапшылығы проблемаға айналып барады // [Электрондық ресурс].— Көру режимі: [https://el.kz/amp/su-tapshylygy-problemaga-aynalyp-barady\\_54120](https://el.kz/amp/su-tapshylygy-problemaga-aynalyp-barady_54120) (қаралған күні: 12.03.2023).

## Қазақстандағы гендерлік теңсіздік

Жарас Мерей Қанатқызы, студент;

Жоламанқызы Аружан, студент;

Менлібек Әйгерім Кәкімжанқызы, студент;

Бауыржанұлы Ерсултан, студент

Ғылыми жетекшісі: Насимов Мұрат Өрленбайұлы, саяси ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор  
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

*Берілген мақалада Қазақстандағы гендерлік теңсіздік қарастырылады.*

**Кілтті сөздер:** Қазақстан, гендерлік теңсіздік, қоғам.

## Гендерное неравенство в Казахстане

Жарас Мерей Канатовна, студент;

Жоламанқызы Аружан, студент;

Менлибек Айгерим Какимжановна, студент;

Бауыржанұлы Ерсултан, студент

Научный руководитель: Насимов Мурат Орленбаевич, кандидат политических наук, ассоциированный профессор  
Кызылординский университет имени Коркыт Ата (Казахстан)

*В данной статье рассматривается гендерное неравенство в Казахстане.*

**Ключевые слова:** Казахстан, гендерное неравенство, общество.

Қазақстанда ежелден бері әйелді ер адамнан бір саты төмен тұрады деген ой және әйелдің негізгі базалық құқықтары мен өзіндік ой-санасындағы келбеті қарама-қайшы келеді. Әйелдер ұзақ уақыт бойы осындай ой-тұжырымдама мен орнықтырылып қалған стереотиппен қарсы күрес жүргізіп келеді. Атап айтқанда, әдеби, көркем шығармалардың өзінде әйелдердің тағдыры көрсетіледі. Осы жайлы тереңірек,

«Шұғаның белгісі», «Бақытсыз Жамал», «Балқадіша» секілді шығармаларды мысалға айта кетсек болады. Бұл шығармаларда басты кейіпкер болған әйелдердің еркінен бөлек, өзіндік материалдық жағдайы үшін олардың ойларымен санаспай, өз еріктерінен тыс тұрмысқа береді. Осындай оқиғаның әдеттегі жағдай болғанының өзі әйел құқығын ертеден кемсіткенін көрсетеді.

Әйелдердің де барлық адамға тиесілі негізгі құқықтары сақталуы міндетті, алайда олардың құқықтары ежелден бұзылып келе жатыр. Осындай кезде бізге қазақтың салт-дәстүрлері ойымызға келеді. Осыған бір мысал, қазақ халқына тән «алып қашу» дәстүрі. Негізінде бұл дәстүр бізге отбасылық материалдық жағдайдың қызды ұзатуға және ердің үйленуіне жетпеген жағдайда қос ғашықтың қосылуы үшін пайда болған екені белгілі. Дегенмен, осы пәк ілтипатпен пайда болған дәстүр соңғы уақытта енді кәметтік жасқа толған бойжеткендерді еркінен тыс ұрлап қашудан көрініс табады. Ал осы мүшкіл жағдайына көңілі толмаған қыздар мемлекеттік құқық қорғау органдарынан толық көмек ала алмайды. Нәтижесінде көп жағдайда «алып қашу» арқылы қосылған отбасылардың бақытты болуы екіталай. Осы типтегі отбасыларда ердің әйелге физикалық және психологиялық жәбір көрсетуі көп таралғаны екені белгілі. Басқаша айтқанда, отбасы ішінде бола тұрып, әйелді ұрып-соғу, кемсіту іс әрекеттері орнайды. Осы мәселе соңғы уақытта үлкен танымалдық жинап отыр [1].

Ал көптеген жағдайда одан да ауыр жағдай болуы мүмкін, яғни зорлық-зомбылық мәселесі. Ойлары теріс адамдар әйел затына қарсы зорлық әрекеттерін жасайды және әйел затын тек құштарлық қалауы үшін қорлайды. Бұл жағдайда сонымен қоса бәрімізге белгілі жаңа ұғым «victim blaming» орын алады. Қоғам мүшелері зорлыққа бар жағдайда жәбірленуші кінәлі деп санайды. Осы әрекетке қыздың киген киімі, жүрісі және мінез-құлқы кінәлі делінеді. Осындай әрекет зардабын да әйелдер

кәметтік жасқа толған болса да түнгі уақытта шығуға қорқа бастайды және таныс емес ерлер арасында ішкі қорқыныш сезінуді бастайды. Сонымен қатар, ертеден келе жатқан стереотип — бұл әйелдің орны асханада. Яғни, әйел адамдар тек қана үй шаруасымен ғана айналысу қажет, үй шаруасынан бөлек жұмыстармен айналыспау қажет деген қоғамда таралған ой. Бұл ой әйел адамдардың дамуына, тұлға болып қалыптасуына, қоғамға зор пайда, ықпал тигізетін адам болып табылуына өте үлкен кедергі келтіреді. Әйел адамда, еркек адамда бір өзіндік тұлға. Екі жақта дамуға, оқуға, өз арман мақсаттарын жүзеге асыруға құқылы. Алайда оны қоғам түсіне бермейді. Қазіргі таңда қыз балаларға қоғам тарапынан өте үлкен қысым көрсетіліп жатыр. «Жұмыс істеу қыздың міндеті емес, қыздың басты міндеті отбасын құру, отбасында жайлылық орнату» деген ойлар тарап, қыздың беделін одан әрі түсіріп, қоғамда алатын орны жоқ екендігіне көздерін жеткізуге тырысып жатыр. Екі жақтың да өзіндік теріс және оң жақтары бар, алайда екі жақ қосылса, өз білімдерімен, өз білгендерімен, өз тәжірибелерімен алмасса онда бұл керісінше қоғамға зор пайда тигізбейме? [2].

Қорытындылай келе, бұл кең таралған мәселенің шешу жолы — ер адамдарға әйел адамдардың қоғам ретінде маңыздылығын, қажеттілігін насихаттау. Қоғамның дамуы, өркендеуі тек ер адамдарға ғана емес, әйел адамдарға да байланысты екендігін түсіндіру. Бір сөзбен айтқанда қоғамның әйел адамдар жайлы ой-санасын түбегейлі өзгерту.

Әдебиет:

1. Бринкерхоф Д., Уейтс Р., Ортега С. Әлеуметтану негіздері. 9-басылым. — Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. — 464 б.
2. Хейвуд Э. Саясаттану. — Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2020. — 520 б.

## Ахмет Байтұрсынұлының әлеуметтік-саяси қызметі

Ибрагим Жасмина Дәулетқызы, студент;

Бөрібаева Марфуға Мақсатқызы, студент

Ғылыми жетекшісі: Насимов Мұрат Өрленбайұлы, саяси ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор  
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Берілген мақалада Ахмет Байтұрсынұлының әлеуметтік-саяси қызметі талданады.

**Кілтті сөздер:** саяси қызмет, «Алаш» партиясы, мәдениет.

## Социально-политическая деятельность Ахмета Байтурсынова

Ибрагим Жасмина Даулетовна, студент;

Борибаева Марфуга Максатовна, студент

Научный руководитель: Насимов Мурат Орленбаевич, кандидат политических наук, ассоциированный профессор  
Кызылординский университет имени Коркыт Ата (Казахстан)

В данной статье анализируется социально-политическая деятельность Ахмета Байтурсынова.

**Ключевые слова:** политическая деятельность, партия «Алаш», культура.

Ахмет Байтұрсынұлының есімі тәуелсіз Қазақстан тарихында мәңгілікке орныққан. Ол отаршыл патшалық езгіге және

кеңестік режимге қарсы қазақтардың ұлт-азаттық қозғалыстарының көшбасшыларының бірі, «Алаш» ұлттық-демократиялық

партиясы мен Алаш Орда үкіметінің ұйымдастырушысы, сондай-ақ «Қазақ» газетінің редакторы болды. Қоғамдық-саяси белсенді және ағартушы ретінде Байтұрсынов өз халқын білім мен мәдениетке шақырды, дәл осы жерде ол патша езгісінен бостандық пен қоғамдық дамудағы прогресті көрді. 30-шы жылдардың екінші жартысында ол барлаудың қайғылы тағдырымен бөлісіп, Сталин қуғын-сүргінінің құрбаны болды. Ол буржуазиялық ұлтшыл идеялар үшін айыпталып, «мемлекеттің жауы» болды [1].

А. Байтұрсыновтың қоғамдық-саяси қызметі екі саяси жүйе — патшалық пен социализм жағдайында дамыды, олар оның мәдениет пен білімге деген көзқарасын түпкілікті анықтады. Айта кету керек, оның өзіндік көзқарастарының, содан кейін теориялық тұжырымдамаларының негізгі көзі қазақтардың, сондай-ақ орыс және басқа да түркі ұлттарының ұлттық мәдениеті болды. Бұл оның өнер мен мәдениет теориясының анықтамасын жасаған әлемдегі алғашқы түріктердің бірі болуының себепшісі болды. Ол көп уақытын тіл мен әдебиет мәселелеріне арнады.

Құрылтай жиналысы депутаттары комитетінің мүшесі болып сайланды және Қазақ өлкесінің революциялық комитетін басқарды, халық ағарту комиссары қызметін атқарды. Қазақ сатыларында білім беруді талдай отырып, ол білім берудің дамымауының негізгі себебі қазақтар жүргізетін көшпелі өмір салты болып табылады, тұрақты жүйелі білім беру үшін мектептер ашуға мүмкіндік жоқ деген қорытындыға келеді. Сенімділік үшін: Семей облысында — 85%, Ақмола облысында — 50%, Торғай облысында — 60%, Орал облысында — 80% көшпелі өмір салтын ұстанады. Адамдарды көшпелі өмір салтынан отырықшы өмір салтына, көшпелі мал шаруашылығынан отырықшы егіншілікке, жылжымалы шатырлардан тұрақты құрылыстарға, қалалық типтегі ауылдар мен елді мекендердің құрылысына көшуге шақыра отырып, ол екі жақты пайда тапты: ұлттың әл-ауқатын арттыру, мектеп салуға нақты жағдай жасау және жас ұрпақтың білім алуы. Мәдениетте ұлт бірлігін сақтау мен ұлттық мемлекеттілікті дамытудың, өркениетті елдер деңгейіне жетудің жолын көрді [2].

Мәдениеттің дамуының ең маңызды бөлігі А. Байтұрсынұлының Ә. Бөкейханов және М. Дулатовпен бірге «Қазақ» газетінің редакторы болуы. Ол «Газетіміздің мақсаты — халықтың мүддесін қорғау, қазақтар арасында ғылым мен мәдениеттің таралуына, басқа халықтың өмірін таныстыруға үлес қосу» деп жазды. Беттерде ұлттық мәдениетті дамытудың өзекті мәселелері көрсетілді, білім беру, қызметкерлерді дайындау мәселелері қамтылды, халық игілігіне математика, әдебиет, медицина, тарихты қамтитын мақалалар орналастырылды; қазақ және басқа да халықтардың егіншілікпен, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары қамтылды. Көптеген мақалалардың мазмұны қоғам дамуының заңдылығы туралы белгілі бір түсінік қалыптастыруға, патриоттық тәрбиеге, азаматтық санаға және саяси

мәдениет құрайтын басқа да құндылықтарға шоғырландырылды.

Мәдениет пен білімнің өркендеуінен ойшыл отаршылдық езгіден құтылуды көрді. Мәдени дамудың төмен деңгейі — ұлттық мүдделеріңіз үшін күреске кедергі келтіретін кілт, деп ойлады ол. Сол арқылы ол былай деп жазды: «Көршілес екі елдің мәдениеті бір бағытта дамиды және белгілі бір уақытта күштісі әлсіз мәдениетті жұтады, содан кейін әлсізі із-түзсіз жоғалады, соңында екі елдің бірігуі. мәдениеттердің біртұтас болуы бірліктің күші негізінде жүзеге асады». Қазақта мұндай болмас үшін халқын ұлттың мәдени танымын көтеруге шақырып, оны тәрбиелеу арқылы ғана жүзеге асады деп есептей отырып, «Кеш болмайынша өзгенің білгенін үйрену керек. Бірдей қабілетті болсаң ғана адамдардың теңдігіне мүмкіндік бар», — деп жазды саясаткер. Сонымен бірге, оның өзіне тән оптимизмі адамдарға сол мақсаттарға жетуге сенім ұялатты, басқа халықтар одан да қиын жағдайда болуы мүмкін екенін ашты. Сондықтан олар тек еңбекқорлығымен жетістікке жетті. Ол қазақтарда маталар мен зауыттардың жоқтығын, соның кесірінен шетелге шикі мұнайды тиын-тебенге жөнелтуге тура келетінін, кейін ол елге әлдеқайда қымбатқа оралғанын өкінішпен жазды. Маталар мен өсімдіктер болуы үшін адамдар білімді болуы керек. Өзгелермен бір қатарда болу үшін қазақ білімді, бай, күшті болуы керек. Білімді болу үшін оқу керек, бай болу үшін еңбек керек, ал мықты болу үшін ұлт бірлігі қажет» дейді А. Байтұрсынов. Ғасырдың басында айтылған бұл ойлар әлі де өзекті. Бұл мынаны көрсетеді: Қостанай уезінде 100 ер адамнан — 6 адам қазақша оқуды, ал орысша оқуды әр 1000–6 адамнан біледі». «Қазақ» газетінің беттерінде А. Байтұрсынов оқу-ағарту мәселесін: мектептердің аздығы, қазақ ұлтынан шыққан шәкірттердің аздығы, педагогикалық кадрлардың, кітаптардың, оқу бағдарламаларының жоқтығы т.б. Ол өзінің ғылыми және практикалық қызметімен осы мәселелерді шешуге үлес қосты. Педагог-ағартушы «Бастауыш мектепте 5 жыл білім беру керек, алғашқы 3 жыл балалар қазақ тілінде, ал кейінгі 2 жыл орыс тілінде білім алу керек» деп ойлаған. Мектепте балалар оқуды, жазуды, математика, ұлттық тіл, ұлттық тарих, еңбекке баулу, шаруашылық негіздері, жаратылыстану және география сияқты пәндерді меңгеруі керек. А. Байтұрсынұлының сондай-ақ араб әліпбиін жақтаған баяндамасы бар. Ол баяндамада «Араб әрпін латын әрпіне ауыстыру мәселесі пайда болғаннан бері халық екі әліпбидің айырмашылығына баса назар аударды» [3] деп жазады. Осы арқылы оның шығармашылығына талдау жасай отырып, ұлттық мәдениеттің, білім мен тәрбиенің дамуына зор ықпал еткеніне куә болдық. Ұлы ойшыл, қоғам және саяси қайраткердің идеялары әлі де өміршең, өйткені олар сол кездегі өзекті мәселелерге арналып қана қоймай, бүгінгі күннің көптеген сұрақтарына жауап береді.

#### Әдебиет:

1. Айбын. Энциклопедия / Бас ред. Б. Ө. Жақып. — Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2011. — 880 б.
2. Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия / Бас ред. Ғ. Әнес. — Алматы, 2010. — 123 б.
3. Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері / Құраст. Ғ. Әнес. — Алматы: Абзал-Ай, 2013. — 555 б.

## Жер мәселесінің Алаш Орда заманындағы ауқымдылығы мен қазіргі уақыттағы көрінісі

Мырзабек Әлия Оралқызы, студент;

Өмірбек Айбану Дәуренқызы, студент

Ғылыми жетекшісі: Насимов Мұрат Өрленбайұлы, саяси ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор  
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

*Мақалада жер мәселесінің Алаш Орда заманындағы ауқымдылығы мен қазіргі уақыттағы көрінісі талданады.*

*Кілтті сөздер:* Алаш Орда, жер мәселесі, қоғам.

## Масштабность земельной проблемы во времена Алаш Орды и ее современное отражение

Мырзабек Алия Ораловна, студент;

Омирбек Айбану Дауреновна, студент

Научный руководитель: Насимов Мурат Орленбаевич, кандидат политических наук, ассоциированный профессор  
Кызылординский университет имени Коркыт Ата (Казахстан)

*В статье анализируются масштабность земельной проблемы во времена Алаш Орды и ее современное отражение.*

*Ключевые слова:* Алаш Орда, земельный вопрос, общество.

Ауқымдылығы мен шиеленісі тарқамаған жер мәселесі халықтың ежелден-ақ мұңына айналған-ды. Жерді сақтап қалу жолында тағылымды жұмыс атқарып, мемлекеттік біртұтастық идеясын ұсынған Алаш зиялыларының өшпес еңбегін ескермеске болмас. Шындығына келсек, ортақ халықтың игілігін сақтау, қорғау мақсатында көмектесетін көптеген маңызды шешімдер ұсынатын уақыт болды. Бірақ неліктен жер мәселесі тұрғысынан пайда болған мәселелер әлі де шешімін таба алмай, әлі де шиеленісі күрделеніп отыр?

XIX ғасырды алып қарасақ, 1861 жылғы 19 ақпанда жарияланған орыс шаруаларын кіріптарлықтан босату туралы реформалық шаралары Қазақстанның шет аймақтарына орыс шаруаларын көбірек қоныстандыруды көздеді. Бұл жерді халықтың еркінсіз иемденудің басы болатын. Ерте заманнан бастап, қарапайым ауыл шаруашылығымен айналысып, мал баққан халыққа жер түйткілді мәселеге айнала қоймаған еді. Оның себебі бәрімізге де белгілі халықтың ең басты уайымы — кісе киім, жесе азық қылып отырған малынан айрылып қалмау болатын [1].

Қоғамда жер мәселесінің қызу талқылануы бір жаңашыл дүние емес. XX ғасырдың бас кезінде Алаш қайраткерлері жан ұшыра көтерген мәселелерінің бірі осы еді. Алаш қайраткерлері оятқан ұлттық сана-сезімі мен жасырын жария етілген қаншама мұралары осы қазақ елінің мәселелерімен күресі болып табылады. Ұлт зиялылары ұлттық ұрандармен қазақтың белсенді азаматтарын бір ортаға біріктіріп, ойы бір тұлғалардың елі үшін еңбек етуіне негіз болды. Жалпы алғанда Алаш партиясы қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық жағдайына негіздей отырып, назар аударған 14 мәселенің бірі жер мәселесі еді. Осы құжатта бос жатқан және босап қалған жер алқаптарын халыққа берілу керектігін, жерді пайдалану нормасын жер алқаптарының сапасын және ауыл шаруашылығы жерінің құрамына қарай жергілікті комитет белгілеп, артық жер бөліктерін өзін-өзі басқару органдарының қорына түсуін талап етті. Осы

ретте, ұлт жанашырлары халық санының өсіміне байланысты жері аз немесе жерсіз қалған тұрғындарға жер берілуі керектігін көтерді. Патша саясатының артық жерлерді өзіне алуға ұмтылуына қарсы болып газет-журналдарға мақалалар мен өлең шумақтары арқылы ашық түрде өз ойларын жеткізе бастады. Кім білген осындай Алаш зиялылары бастаған мәселе ХХІ ғасырда ұшқынының сақталып, әлі күнге дейін елімізде ерекше орын алып, қорқыныш барша қазақ елін мазалайтынын?! Қазақ еліндегі ұлт ұстазы болып танылған, елінің ертеңіне қауіп төнгенін сезген Ахмет Байтұрсынұлының сөзінде «жер мәселесі — қазақтың тірі өлі болуының мәселесі», «жерді жалдаудан тартынбағандар — сатудан да тартынбайды» деген тұжырымдары өзгенің еншісіне өтіп қазақтың өзге ұлтқа өз жерінде жалданып жұмыс жасауына деген қорқынышы болар [2].

Алдымен, ХХ ғасырдағы қазақ жерін пайдалануда өзге ұлтқа тәуелді болуына байланысты екі мәселесіне тоқталсақ. Біріншіден, мемлекет ішінде бөлінген жерден артық жер сатып алуға құқығы болмады. Екіншіден, шұрайлы жерлердің өзге ұлттың қарамағына берілуі және жер байлығы мен азығы Ресейдің қол астына өтуі ашу-ызаны тудыруы. Тарихқа сүйенсек, алдымен 1893–1905 жылдар аралығында жапа шеккен қазақ халқынан 4 миллион десятина жер тартып алды. Ал 1905–1912 жылдар аралығында 17 миллион десятинадан астам жерді патша үкіметі тартып алғандығын көруге болады [3]. Осыған байланысты зиялы өкілдер шығарған «Қазақ» және «Айқап» басылымдары арасында көшпелі өмір салтымен қалу болмаса отырықшы өмір салтын ұстану керек дейтін екі түрлі көзқарас қалыптасты. «Көшпелі өмір салтының әсерінен жерімізді сақтай алмай отырмыз» — деген «Айқап» журналында М. Сералин, Б. Қаратаев бастаған тұлғалардың ойын аңғаруға болады. Бертін келе, ХХІ ғасырда жеріміздің басым көпшілігі шетелдік компанияларға жалға беріліп отыр. Осындай жерді жалға беруден жеріміз ғана емес, тілімізде жойып алу қаупі өте жоғары. Ол жақта күндердің бір күнінде қазба байлық табылар болса, ол ұлт



мүддесіне берілмеуі әбден мүмкін. Тарих сахнасында өз жерінен айырылып, өзге ұлтқа қосылып, ұлт жоғалып кетіп жатқан елдердің қатарында тұрмауымызға кім кепіл?! Ең қорқыныштысы кең байтақ даламыздың жарты бөлігі ешқандай қолданысқа енгізілмеген. Оны іске асырып, неге бірнеше жұмыс орындарын салып, жұмыссыздар санын азайтпасақ, тіптен сырттан келетін азық-түліктерді өз жерімізде өндірмеске?! Қазақ халқының мақсаты тек тәуелсіздік алып қана қоймай, ондағы бар байлықты игеріп, халық мүддесінің қорғалуына жағдай жасау. Тарихта жеріміз алпауыт мемлекеттердің қызығушылық танытып,

қаншама мәрте олардың құрамына еніп кету қауіпі төнгені бәрімізге белгілі [4].

Қорытындылай келе, мемлекеттің суы мен көлі де, қазба байлығы мен жері сатылмауы керек. Әрі оны халық мемлекеттен талап етуі керек деген тұжырымға тоқталып отырмыз. Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынұв, М. Дулатов, Ғ. Бірімжановтардың жасаған жобасы Алаш көсемсөзі: Жер мәселесі кітабында да осы проблеманы тиек етіп тұр. Жер болмаса Отанда болмайды, халықтың атын тарих сахнасында қалдыру үшін ең алдымен жерді қорғау маңызды жұмыс болып отыр [5].

Әдебиет:

1. Сәрсембин Ү. Алаш зиялыларының ұлттық мүдде тұрғысындағы көзқарастары // [Электрондық ресурс].— Көру режимі: <https://news.arsu.kz/?p=5678> (қаралған күні: 14.03.2023).
2. Қадыр Б. Ахмет Байтұрсынұлы: Жер мәселесі — қазақтың тірі я өлі болуының мәселесі // [Электрондық ресурс].— Көру режимі: <https://turkystan.kz/article/145238-ah-met-baytursynuly-zher-meselesi-ka-zaktyn-tiri-ya-oli-boluyunyn-meselesi/> (қаралған күні: 14.03.2023).
3. Әлімақын Д. Ахмет Байтұрсынұлы: «Жерді жалдаудан тартынбағандар — сатудан да тартынбайды» // [Электрондық ресурс].— Көру режимі: <http://qazaqadabiet.kz/20549/ahmet-bajt-rsyn-ly-zherdi-z...tudan-dtartynbajdy?> (қаралған күні: 14.03.2023).
4. Алаш көсемсөзі: Жер мәселесі Том 1 // [Электрондық ресурс].— Көру режимі: [https://adebiportal.kz/kz/books/view/alas-kosemsozi-zer-meselesi-tom-1\\_\\_3474716](https://adebiportal.kz/kz/books/view/alas-kosemsozi-zer-meselesi-tom-1__3474716). (қаралған күні: 14.03.2023).
5. Сәрсембин Ү. Қ. Алаш зиялыларының жер мәселесіне қатысты көзқарастары // [Электрондық ресурс].— Көру режимі: <https://abai.kz/post/44380> (қаралған күні: 14.03.2023).

## XX және XXI ғасырлардағы саяси сауаттылық

Орынбасарова Айдана Мейрханқызы, студент

Ғылыми жетекшісі: Насимов Мұрат Өрленбайұлы, саяси ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор  
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

*Бұл мақалада XX және XXI ғасырлардағы саяси сауаттылық мәселелері қарастырылады.*

**Кілтті сөздер:** саяси сауаттылық, фильмдер, қоғам.

## Политическая грамотность в XX и XXI веках

Орынбасарова Айдана Мейрхановна, студент

Научный руководитель: Насимов Мурат Орленбаевич, кандидат политических наук, ассоциированный профессор  
Кызылординский университет имени Коркыт Ата (Казахстан)

*В данной статье рассматриваются вопросы политической грамотности XX и XXI веков.*

**Ключевые слова:** политическая грамотность, фильмы, общество.

Біздің пікіріміз бойынша, саяси сауаттылықтың негізі мектепте, университет қабырғасында, қоғамнан алған білімде жатыр. Айналамызда болып жатқан түрлі оқиғалар, елдегі отбасылардың тұрмыстық жағдайы осы саяси сауаттылықпен байланысты. Ең бастысы, саяси элита бола отырып өз мемлекетіме қалай пайдамды тигізе аламын деген сұрақ аясында ойлана алсаңыз, міне, сонда нағыз саяси сауатты элита болуға әбден лайықсыз. Қазақ жерін Кеңес үкіметі билеп тұрған кезде, қазақта ғалымдар болмады емес, болды. «Қазақ балалары қалай да оқуы

керек» деп шырылдаған Ахмет Байтұрсынұлындай тұлғалар болды. Қазақтардың оқуы үшін, сауаттылығы үшін бәріне дайын болды, тіпті, өмірлерін қиды. Осыған қарап осыдан бір ғасыр бұрынғы уақытта оқудың қаншалықты құнды, қаншалықты қол жетімсіз екендігін аңғаруға болады.

Кеңес үкіметіне адал түрде қызмет еткенін тілге тиек етпесек, сауаттылықтары жайлы ауыз толтырып айтуға әбден болады. Алғашқы мысал ретінде, «Ахмет. Ұлт ұстазы» телехикаясындағы Саңғытов деген тергеушіні алғым келеді. Бұл жерде



оның қызметіне берілу, міндетін орындау барысындағы сауаттылығын айтқым келеді. Телехикаяда ол жайлы айтылған мынадай сөз бар: «Осы Саңғытовтың өзгеге ұқсамайтын бір қыры бар еді. Оқиды. Бәрін оқиды. Тіміскілене, түк қалдырмай оқиды» [1]. Оның өз қазағын азаптағанын мадақтап тұрғанымыз жоқ, өзінде бар білімді кәсібінде пайдалана білетінін айтқымыз келеді. Бірақ, қазақ қазақты сол кездегідей азаптауы миға қонбайтын нәрсе.

Келесі мысалда Шерхан Мұртазаны келтіргіміз келеді. Ол да ХХ ғасырдағы саяси элита, 1990–1995 жылдар аралығында депутат ретінде қызмет атқарған. Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, мен айтып отырған мағынадағы сауатты адам. Көзі ашық, көкірегі ояу болды, білімді болды және сол білімін қызметінде пайдалана білді. Сол кездегі президентке тіке сөйлеп, қатесін айтып, ойға салып отырды-мыс [2].

Жоғарыда айтып кеткеніміздей, өз халқына жаны ашитын, өз халқының қамын ойлайтын «бірен саран» азаматтардың бірі болатын. Басындағы білімін қызметіне «дұрыс» пайдалана білді деп айтқымыз келеді. 90 жылдардың өзінде мемлекеттің кірісі жөніндегі жұмбақ болып тұрған мәселелерді тілге тиек етіп, «өзімнің жағдайым дұрыс болса болды» деген пікірді мүлде жат санап, халық өзіне тиесіліні неге ала алмайды деген мәселе

жөнінде шырылдады. Биліктің ештеңе тындыра алмайтындығын астарламай, тура айтып, мәселенің шешу жолдарын да ұсынды [3]. Алайда, айтып кеткен «бірен саран» азаматтардың қатарында болғандықтан, бұл ұсыныс айтылған жерінде қалды, сірә.

Адам баласына қиындықпен келген дүние ғана бағалы екеніне тағы көзім жетті. Бір ғасыр алдын, оқу соншалықты қымбат қазынамен тең болды қазақтар үшін. Оған қолы жеткен адам қастерледі, айырылып қалмауға тырысты, не жағдайдан өту керек болса да, төтеп берді. Себебі, оқу, білім алу оңайлықпен берілетін мүмкіндік емес еді. Жалпы саяси сауаттылық тақырыбын қозғағанда өте көп сұрақ пайда болатынын байқадық. Ал ол сұрақтардың жауабын таба аламыз ба, жоқ па, бізге беймәлім. Егер ХХ ғасырдағы ғалымдар, ойшылдар, билікте болған тұлғалар қазір өмір сүргенде, бәлкім еліміздің жағдайы мүлде басқа деңгейде болар ма еді?! Билік басындағылар саяси сауатты болса, халықтың да саяси ойлары, білімі дамыған болар еді. Бәлкім, біздің уақытта білім, оқу қолжетімді болғандықтан, оны дұрыс пайдалану, жүзеге асырудың маңызы азайған болар. «Қолда барда алтынның қадірі жоқ» деген сөз бар. Дәл осы мүмкіндіктер үшін кезінде Алаш зиялыларының сіңірген еңбектерін естен шығармау абзал.

Әдебиет:

1. Ахмет. Ұлт ұстазы: фильм. 2021. 1-бөлім. 48:59–49:08 мин. // [Электрондық ресурс].— Көру режимі: <https://youtu.be/Q4Ot8tu15tI?t=2942> (қаралған күні: 10.03.2023).
2. Шерхан Мұртазаның Назарбаевқа айтқаны. 2018 // [Электрондық ресурс].— Көру режимі: <https://youtu.be/YkpOP0JBUyI?list=PLCQlcltFARoxxKqpPoRXjZTN88c60gdID> (қаралған күні: 10.03.2023).
3. Қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетеді — Шерхан Мұртаза. 2018 // [Электрондық ресурс].— Көру режимі: <https://youtu.be/iwKw1FiXJVQ?list=PLCQlcltFARoxxKqpPoRXjZTN88c60gdID> (қаралған күні: 10.03.2023).

## Саясат және медиа түсініктерінің өзара байланысы

Пайзрахманова Айсұлу Әділханқызы, студент;

Ағыбай Ақерке Батырханқызы, студент

Ғылыми жетекшісі: Насимов Мұрат Өрленбайұлы, саяси ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор  
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Мақалада саясат және медиа түсініктерінің өзара байланысы талданады.

**Кілтті сөздер:** саясат, медиа, элеуметтік желі.

## Взаимосвязь понятий «политика» и «медиа»

Пайзрахманова Айсұлу Адильхановна, студент;

Ағыбай Ақерке Батырхановна, студент

Научный руководитель: Насимов Мурат Орленбаевич, кандидат политических наук, ассоциированный профессор  
Кызылординский университет имени Коркыт Ата (Казахстан)

В статье анализируется взаимосвязь понятий «политика» и «медиа».

**Ключевые слова:** политика, медиа, социальные сети.

Саясат — мемлекеттің тірегі. Саясат арқылы мемлекеттің негізі қаланады және ол мемлекетті тұтас етіп ұстап тұратын

факторлардың бірі. Саясаттың негізгі міндеті миллиондаған халқы бар мемлекетті басқаруды ұйымдастыру, мемлекетаралық

достықты сақтауда жұмыс істеу. Төмендегі тезисте саясатқа жалпы түсінік беріледі. XXI ғасырдағы саясаттың кең ауқымда қолдау табуының бірден-бір себебі — әлеуметтік-цифрлық медианың ерекшеліктері және оның артықшылықтары туралы сөз қозғалады. Медианың саяси қозғалыстарда, сайлау, референдум, митинг сияқты қозғалыстардағы маңызы түсіндіріледі.

Ең алдымен саясат дегеніміз не? Осы сұраққа тоқтала кетсек. Саясат — адамдардың өмір сүріп жатқан ортасы, қоғам және сол қоғамда бекітілген белгілі бір заңдар мен нормалардың жиынтығы және оның орындалуы [1]. Аристотель адамды «саяси жануарға» теңеген. Бұл сөзінен тарихта өз орнын тапқан әр мемлекеттің өз саясаты және оған бағынған халықтың болғанын білеміз. 1775 жылы Сэмюэл Джонсон саясатты мансапқа жету құралы ретінде қарастырды [1]. Жалпы алғанда саясат аймақты, елді басқара алу өнері. Осы саясаттың дамуы мен құлдырауына әсер ететін сыртқы факторлар өте көп. Төменде сол факторлардың бірі медиа, яғни барлық адамға қолжетімді ақпарат көздері жарияланатын платформалар туралы сөз қойғаймыз.

Медиа дегеніміз барлық тұтынушыға қолжетімді ақпараттар жиынтығы. Медиа арқылы әлемнің кез келген бұрышының жаңалығын бір сәтте түрлі платформалар көмегімен біле аламыз. Сонымен қатар, медианың түрлі салалардың дамуына әсер ететіні шындық. Бұл салалардың ішінде саясатта бар. Медиа барша халыққа билікте отырған шенеуніктердің халық пайдасы үшін жасаған әрекеттерінен хабардар болуын қамтамасыз етеді.

Қазіргі таңда ешқандай саяси қозғалыстар, сайлау, референдум секілді маңызды іс-шаралар медианың қатысуынсыз өтпейді. Мысалы, Қазақстан Республикасының президенттік немесе парламенттік сайлауларының үгіт-насихат жұмыстары медиа арқылы жүргізіліп отырады. АҚШ-тың 45-ші президенті Д. Трамп өз сайлауында цифрлық агитацияны кеңінен қолданып, халықтың жадысына, психологиясына қатты әсер етті. 2016 жылға дейін Facebook<sup>1</sup> сынды әлеуметтік медиа-платформаларының саяси маңызы толық мойындалмаған еді. 2016 жылы АҚШ-тың 45-ші президенттік сайлауында Дональд Трамп бұл стереотипті түбегейлі бұзды. Ол жеңіске электронды үгіт-насихат жүргізу арқылы жетті. Бірнеше күн ішінде Facebook және Twitter платформаларында Трамптың баннерлері мен фотосуреттері миллиардтаған адамға таралды. Оның сайлауда жеңіске жетуінің құпиясы — президенттік жоспар-бағдарламасын әлеуметтік желіде жариялауы. Алайда АҚШ Конгресі Цукерберг пен Трамптың бұл ісін жақтыртпады. 2018 жылы Цукерберг «Facebook\*-тегі миллиондаған тіркелушіні заңсыз жолмен жинады және жеке мәліметтерін заңсыз жинақтады» деген айыппен АҚШ Конгресіне шақырды [1].

Әдебиет:

1. Хейвуд Э. Саясаттану. — Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2020. — 223 б.
2. Саяси маусым-2023: Қазақстанда қандай партия тіркелген? // [Электрондық ресурс]. — Көру режимі: [https://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/sayasi-mausyim-2023-kazakstanda-kanday-partiyalar-trkelgen-345790/](https://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan_news/sayasi-mausyim-2023-kazakstanda-kanday-partiyalar-trkelgen-345790/) (қаралған күні: 16.03.2023).

Медианың Қазақстанның саяси қозғалыстарында да атқарған үлесі зор. Өткен жылғы Президент сайлауында «Facebook»\* әлеуметтік желісінің халыққа тигізген ықпалы көп болды. Кандидаттар өздерін ұсыну, халыққа көрсету мақсатында бұл желіні белсенді қолдана түсті. Азаматтар мен азаматшалар осы уақытқа дейін жасаған, халыққа сіңірген еңбектерін ашып көрсете отырып, халықтың ықыласына бөленуге тырысты.

Осы жылы өткен Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен мәслихаттары депутаттарының сайлауы халық арасында қызу талқыға түсіп жатқан оқиғаның бірі болып табылады. Саяси партиялар өз жұмыстарын тыңғылықты атқаруда. Мысалы, «Аманат» партиясы, «Ақ жол» Қазақстан демократиялық партиясы, Қазақстан Халық партиясы, «Ауыл» халықтық-демократиялық партиясы, «Respublica» партиясы, Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы, Қазақстандық «Байтақ» Жасылдар партиясы [2].

XXI ғасырда белең алған цифрлық медианың саясатқа оң жағымен қатар негативті жағдай жасауы мүмкін. Оң жақтары туралы сөз қозғасақ: көзге көріне бермейтін мүмкіндіктерді ашып көрсетеді; адамдардың мүмкіншіліктері артады. Сонымен қатар, медианы қолдануда ешқандай шектеуінің жоқтығы оның ең үлкен плюсі болып саналады. Яғни мүмкіндігі шектеулі адамдарда, шет елде жүрген қандастарымызда өз елінің жаңалықтарынан хабарда болып қана қоймай, өз елінің саясатына, экономикасына өз үлесін тигізе алады.

Теріс жақтарына тоқталсақ, ақпараттың шын немесе өтірік екеніне толыққанды көз жеткізу үшін көп еңбектенуді қажет етеді. Сонымен қатар, қазірде үкімет бейресми және жалған ақпараттың кең таралуына тосқауыл қоюға дәрменсіз. Қазіргі таңда жалған ақпарат көзінің көптігінен түрлі халықаралық мемлекетаралық кикілжіңдер туындауда.

Қарым-қатынас мүмкіндігі жоғары, өмірдің барлық салаларын қамтитын маңызды аспект болып табылады. Қазіргі таңда қарым-қатынас тек ой білдіру ғана емес, саяси әрі әлеуметтік өмірде ойып тұрып орын алатын маңызды құрал болып табылады. Әлеуметтік желідегі қарым-қатынас XXI ғасырдағы адам өміріндегі өлшеусіз, құдіретті құрал. Саясат-медиа көптеген адамның дүниетанымын күн сайын өзгертіп, мүмкіндігі шектеулі адамдарға да толық пікір білдіруге мүмкіндік беретін құрал. Онлайн қатысу мен ықпал білдіруді 4 бөлімге бөле аламыз: ақпарат алу, кеңес беру, екі тараптың келісімге келуі, бірге шешім қабылдау [3]. Ақпаратқа бай әрі бүкіл әлемнің саяси жоспары мен тарихын білу үшін адамдар үйден шықпай-ақ түрлі біліммен сусындай алады. Бұл медианың басқа салалардан артықшылығына тағы бір дәлел [4].

<sup>1</sup> Facebook — продукт компании Meta, которая признана экстремистской организацией в России

3. Гришин О. Е., Гудошникова О. Е. Новые медиа и СМИ как инструменты политической коммуникации // Вестник Университета.— 2015.— № 6.— С. 24–28.
4. Виноградова К. Е. Роль масс-медиа в политической системе общества // Журналистский ежегодник.— 2013.— № 2–1.— С. 64–67.

## Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптастыру жолдары

Шөмекеева Гүлдерайым Бахытбекқызы, студент;  
 Көшенова Нұрайым Нұрлыбекқызы, студент;  
 Қайратқызы Алтынай, студент;  
 Нұрмұхамбет Қарақат Нұрланқызы, студент

Ғылыми жетекшісі: Насимов Мұрат Өрленбайұлы, саяси ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор  
 Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

*Берілген мақалада сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптастыру жолдары қарастырылады.*

**Кілтті сөздер:** сана, сыбайлас жемқорлық, парақорлық.

## Пути формирования антикоррупционного сознания

Шөмекеева Гүлдерайым Бахытбековна, студент;  
 Кошенова Нураим Нурлыбековна, студент;  
 Кайратқызы Алтынай, студент;  
 Нурмухамбет Каракат Нурлановна, студент

Научный руководитель: Насимов Мурат Орленбаевич, кандидат политических наук, ассоциированный профессор  
 Кызылординский университет имени Коркыт Ата (Казахстан)

*В данной статье рассматриваются пути формирования антикоррупционного сознания.*

**Ключевые слова:** сознание, коррупция, взяточничество.

Сыбайлас жемқорлық — бұл адамның көздеген мақсатына соңай әрі тез жету үшін, «Ауырдың астымен, жеңілдің үстімен» жүріп, оңай жолды таңдау арқылы Қазақстан Республикасының бекітілген заңын бұзып, ақша ұсынуы және оны өз еркімен қабыл алуы. Сыбайлас жемқорлық сөзінің өзі сындыру, құрту, бүлдіру деген мағынаны білдіреді. Бұл бізге сыбайлас жемқорлық кез келген елді құртып, халықтың арасына іріткі салып, келешегіміздің бұлыңғыр болатынын түсіндіреді. Бұл тезистің мақсаты: сыбайлас жемқорлықты алдын алу. Тезистің міндеттері: көпшілікке парақорлыққа қарсы іс-қимылдарды насихаттау; ғаламдық мәселенің алдын алу және шешімін табу; қоғамға кедергі келтіретін, әлемдік дертке айналған сыбайлас жемқорлықпен күресу.

Жемқорлық «Коронавирус» іспеттес десек қате болмас еді. Коронавирус секілді әлемнің түкпір түкпірін жайлап алды да, қоғаммен өсіп, дамуда. Жемқорлықтың осылай белең алуы қазіргі таңдағы басты мәселеге айналды. Міне, осыдан «Бұл ауқымды мәселені шешу үшін қандай шаралар жасалып жатыр? Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы қалай қалыптастырамыз?» — деген сан алуан сұрақтар туындайды. Қазақстанда «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңы бар. Егер Қазақстан азаматы немесе азаматшасы пара беру ба-рысында ұсталса, жоғарыда аталған заң бойынша ауыр жа-

заға тартылады. Алайда, бұған қарамастан қаншама адамдар жемқорлықтың өсуіне өз үлестерін қосуда. Әсіресе, мемлекеттік қызметкерлер, жоғары лауазымды адамдар. Қаншама қарапайым халық сыбайлас жемқорлыққа қатысты жанайқайларын баспасөздерде жеткізген болатын. Бірақ өте өкініштісі сол адамдарға ақшаны өздері ұсынатындығында... Себебі, қазіргі таңда адамдардың түп санасында бұл заманды ақша билейді деген қағида қалыптасып кеткен. Бұл түсінікті алдын алу үшін ең алдымен әр жеке тұлға санасын, бұл мәселеге деген көзқарасын өзгертуі қажет.

Біріншіден, адам саналы түрде пара сұрауды тоқтатуы қажет, тіпті ұсынған жағдайда қажетті органдарға дереу ескертуі тиіс. Осылайша, сол адамдар өз жазасын алады. Егер осылай жасасақ пара ұсынушы және оны қабыл алған адамдардың бойына қорқыныш ұялайды, әрі пара беремін деген ой екінші рет туындамайды. Ең бастысы, олар бұл жағдайдан сабақ алары сөзсіз. Екіншіден, тәрбие мен мәдениеттілікке тікелей қатысы бар. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаев айтқандай: «Жастарды қазақстандық патриотизмге, шығармашылық жағынан дамыған жеке тұлға ретінде тәрбиелеу қажет. Бүгіннен бастап ұлттық мінез-құлық, биік талғампаздық, төкаппарлық, тектілік, білімділік, биік талғам, ұлттық намыс қасиеттерін сіңіріп қалыптастыруымыз керек» [1]. Бұлай ерек-

шелеп айтуының өзі еліміздің болашағы жастардың қолында екенін, олардың еліне адал болуы, түзу жолды таңдауы, сыбайлас жемқорлықтың орын алуын болдырмауы еліміздің өркендеуіне біршама үлес қосатынын көрсетеді. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев әр Жолдауында адал еңбек пен маңдай термен тапқан әр тиын — нағыз ардың ісі екенін, өскелең жастарға да бұл қасиетті бойларына сіңіріп, тәрбие беру керек екенін жеткізеді. Осы бастан өскелең ұрпақтың бойына адамгершілік қасиетін, сыбайлас жемқорлық біздің қоғамда өмір сүріп жатқан «құбыжық» екенін түсіндіру керек.

«Transparency International» ұйымының жемқорлықтың әлем бойынша рейтингін анықтауы бойынша еліміз 2020 жылы 180 елдің ішінен 94-орын, 2021 жылы 102-орынға жайғасты. Бұл көрсеткіш елімізде парақорлықтың артып келе жатқандығын көрсетеді. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттігінің мәліметтеріне сүйенсек, қазіргі таңда пара алу, пара беру бойынша көрсеткіш 20%-дан астам азайған. Бұл қуантарлық жайттардың бірі. Ұйымның рейтингі бойынша 1-орында Дания, ал соңғы орындардың біріне парақорлығы басым Венесуэла орналасқан. Ендігі кезекте осы елдерді сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша салыстырып көрсек.

Дания — ең бақытты елдер рейтингінде 1-ші орынды алады. Себебі, бұл ел — әлемде жемқорлықтан ең таза ел. Қылмыс та, түрме де өте аз. Сотталған адамдар демалыс кезінде үйлеріне барады, тіпті олар жұмыс жасауға мүмкіндіктері бар. Заңға қарапайым адамнан, билік басында отырған адамдар да қатаң бағынады. Дания еліндегі сыбайлас жемқорлықтың аз болуының негізгі себептері мынадай: 1) мемлекет пен ел тұрғындарының жауапкершіліктерінің жоғары деңгейде болуы; 2) жұмысқа тұру барысында және компаниялардың өз ішінде арнайы заңының болуы, екі жақтан келісімді түрде пара алуға немесе бермеуге әрекет жасаулары; 3) жемқорлық туралы заң бойынша кімде кім пара берсе, ұсталса немесе күдікті ретінде саналса ұзақ жылға бас бостандығынан айырылып, мансабымен қош айтысады; 4) елдегі ақша айналымы ашық түрде жүргізіледі. Кіріс пен шығыс қатаң бақыланып отырады. Бұл елдің экономикасы дамыған және тұрғындардың өмір сүру жағдайлары жоғары екенін көрсетеді. Егер кез келген елде жемқорлық жоқ болса, халқы бақытты, елі тыныш және өмір сүруге қолайлы болар еді [2].

АҚШ Әділет министрлігінің мәліметі бойынша, Венесуэладағы сыбайлас жемқорлық деңгейі жалпы әлемдік стандарттар бойынша жоғары және Венесуэла қоғамының өзіндік деңгейлерінде көптеп таралған болып табылады. XX ғасырда елде табылып, ашылған мұнай саяси парақорлықты одан сайын күшейтті. Сыбайлас жемқорлықтың күннен күнге көбеюі, үкіметтің елді дұрыс басқармауы себебінен Венесуэлада үлкен экономикалық дағдарыс орын алған болатын. «Transparency International» ұйымының 2019 жылы жүргізген сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексінің зерттеулері бойынша, 180 елдің ішінде Венесуэла 173-орынға ие болды. Бұл көрсеткіштің жоғары болуы тұрғындардың да назарын аударып, үкіметте жемқорлық кең таралған деп санап, бірнеше рет парақорлыққа қарсы наразылық шерулерін өткізуге себеп болды. Сонымен қатар, бәрімізге Венесуэла әлемдегі ең нашар заң үстемдігі бар, үкіметтің заң алдында жауап бермейтін, жемқорлығы басым,

ашықтық жоқ және азаматтардың жеке өмірін құрметтемейтін ел екендігін көрсетеді. Ең өкініштісі, бұл мәселеге тіпті ішкі істер органдары да бейжай қарап, жалақының аздығынан өздері де заң бұзушыларды ақтап, сыбайлас жемқорлыққа жол береді [3].

Еліміз сыбайлас жемқорлық статистикасында 2018 жылы 124 орынға, ал 2019 жылы 113 орынға ие болған. Қазақстанның жемқорлықпен күресуі қазіргі таңға дейін актуалды мәселелердің бірі болып табылады. Актуалды саяси проблема болып табылатын бұл коррупция мәселесі бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық. Н.Н. Годунова мәлімдеуі бойынша: «2018 жылдың бюджетінде 138 млрд теңге тиімсіз шығындалған болатын. Оның себебі дұрыс шешімдердің қабылданбауында», — дейді төраға. Бұған кім жауапты?! Оның ойынша, тиімсіз шешімдерді қарапайым орындаушылар қабылдаған екен. Сонымен, Есеп комитеті жинақтауы бойынша, 230-ға жуық қызметкерлер жауапкершілікке тартылды, ал оның ішінде жетекшілер олардың аз ғана пайызын құраған болатын» [4].

Қазіргі таңда елімізде сыбайлас жемқорлықты алдын алу жолдары іске асырылуда. Мемлекет басшысының өкілетті органның алдына қойған талаптарының орындалуына байланысты, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің жұмысшылар құрылымы қайта қаралды. Экономиканың құлдырауына себепкер болып отырған лауазымды тұлғалардың әрекеттерін әшкерелеу мақсатында лауазымды тұлғалардың қаржыларын тергеу бөлімшесі құрылды. Тәулік бойы бақылау орнату үшін электронды бақылау жүргізу құралдары орнатылуда. Бұл форматта 2021 жылы 121 іс тергелді. Жалпы агенттіктің сол жылғы жұмысы қарала отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытталған 6 отырыс өтті [5].

Біздің жауабын таба алмай жатқан ауқымды мәселенің шешімі негізі оп-оңай. Ол — Отанға деген шексіз махаббат, яғни патриотизм. Қазір жасалып жатқан шаралар болсын, алдағы уақытта қолға алынатын шаралар болсын, ұйымдар болсын әр қандасымыздың бойында Елімізге деген кішкене ыстық сезім, сүйіспеншілік болмаса, бәрі бекер екені мәлім. Отанға деген махаббат, елге адал қызмет ету, өз халқына жанашыр болу, біреуге пара беріп, пара бермеуі. Еліміздегі сыбайлас жемқорлыққа байланысты заң жүйесін өзге елдердегідей қатаңдату қажет. Мысалы, жемқорлыққа қарсы ең ауыр жазалар Қытайда қолданылады. Сонымен қатар, Сингапурдың заңдар жүйесін қарауға болады.

Қорытындылай келе, әр адам өз-өзімен жұмыс жасау керек, тек бас пайданың қамын емес, елдің келешегін ойлау қажет. Саналы ұрпақты тәрбиелеп, олардың бойына адал қызмет ету, заңсыз жолмен келген ақшамен шалқып өмір сүру бақыт емес, керісінше, болашағы жарқын елде өмір сүру үлкен бір бақыт екенін түсіндіруі қажет. Әрине, үкімет пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы органдар үнемі жағдайды қатаң түрде бақылауда ұстаулары маңызды. Еліміздің амандығы мен дамығанын, бәсекеге қабілетті мықты елдер қатарында болғанын қаласақ, сыбайлас жемқорлықты жеңуге бірге ат салысуымыз қажет. Бірлікте болсақ, заңға сүйеніп әрекет етсек алынбайтын қамал жоқ. Сананың өзгеруі адамның ішкі жан дүниесін, пейілін өзгерткенде, өзін саналы тұрғыдан өзгерткісі келсе, бәрі дұрысталары анық.

Әдебиет:

1. Жапанова Р.Н. Ұлтаралық қатынастар мәдениетінің негізі — патриоттық тәрбие // [Электрондық ресурс].— Көру режимі: <https://infourok.ru/ltarali-atinastar-mdenietini-negizi-patriotti-trbie-631591.html> (қаралған күні: 10.03.2023).
2. Методы борьбы с коррупцией в Дании в 2022 году // [Электронный ресурс].— Режим доступа: <https://emigranto.ru/evropa/daniia/korruptsiia-v-danii.html> (дата обращения: 10.03.2023).
3. Коррупция в Венесуэле — Corruption in Venezuela // [Электронный ресурс].— Режим доступа: [https://ru.wikibrief.org/wiki/Corruption\\_in\\_Venezuela](https://ru.wikibrief.org/wiki/Corruption_in_Venezuela) (дата обращения: 10.03.2023).
4. // [Электрондық ресурс].— Көру режимі: <https://korda-aids.kz/ru/> (қаралған күні: 10.03.2023).
5. 2021 жылғы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ұлттық баяндама // [Электрондық режим].— Көру режимі: <https://www.gov.kz/memleket/entities/anticorruption/documents/details/283483?lang=kk> (қаралған күні: 10.03.2023).



# Молодой ученый

Международный научный журнал  
№ 13.1 (460.1) / 2023

Выпускающий редактор Г. А. Кайнова  
Ответственные редакторы Е. И. Осянина, О. А. Шульга, З. А. Огурцова  
Художник Е. А. Шишков  
Подготовка оригинал-макета П. Я. Бурьянов, М. В. Голубцов, О. В. Майер

За достоверность сведений, изложенных в статьях, ответственность несут авторы.  
Мнение редакции может не совпадать с мнением авторов материалов.  
При перепечатке ссылка на журнал обязательна.  
Материалы публикуются в авторской редакции.

Журнал размещается и индексируется на портале eLIBRARY.RU, на момент выхода номера в свет журнал не входит в РИНЦ.

Свидетельство о регистрации СМИ ПИ № ФС77-38059 от 11 ноября 2009 г., выдано Федеральной службой по надзору в сфере связи, информационных технологий и массовых коммуникаций (Роскомнадзор).

ISSN-L 2072-0297

ISSN 2077-8295 (Online)

Учредитель и издатель: ООО «Издательство Молодой ученый». 420029, г. Казань, ул. Академика Кирпичникова, д. 25.

Номер подписан в печать 09.05.2023. Дата выхода в свет: 09.05.2023.

Формат 60×90/8. Основной тираж номера 500 экз., фактический тираж выпуска 16 экз. Цена свободная.

Почтовый адрес редакции: 420140, г. Казань, ул. Юлиуса Фучика, д. 94А, а/я 121.

Фактический адрес редакции: 420029, г. Казань, ул. Академика Кирпичникова, д. 25.

E-mail: [info@moluch.ru](mailto:info@moluch.ru); <https://moluch.ru/>

Отпечатано в типографии издательства «Молодой ученый», г. Казань, ул. Академика Кирпичникова, д. 25.